



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

БҰЗБАЙТЫН БАҚЫЛАУ

**Бұзбайтын бақылау саласындағы персоналдың біліктілігі және сертификаттау
(NDT)**

КОНТРОЛЬ НЕРАЗРУШАЮЩИЙ

**Квалификация и сертификация персонала по неразрушающему контролю
(NDT)**

ҚР СТ ISO 9712-2014

(ISO 9712:2012 Non-destructive testing - Qualification and certification of NDT personnel, IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Наименование: **ТОО "NDT CERT"** БИН: **191140026948**
Выдан документ РПП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 23.02.2021 № счета на оплату: 4474



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Бұзбайтын бақылау

**Бұзбайтын бақылау саласындағы персоналдың біліктілігі және сертификаттау
(NDT)**

ҚР СТ ISO 9712-2014

(ISO 9712:2012 Non-destructive testing - Qualification and certification of NDT personnel, IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «Қазақстандық бұзбайтын бақылау және техникалық диагностика қауымдастығы» заңды тұлғалардың Бірлестігі базасында ТК 76 «Бұзбайтын бақылау және техникалық диагностика» **ӘЗІРЛЕН ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2014 жылғы 12 тамыздағы № 180-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Стандарттың осы жобасы ISO 9712:2012 «Non-destructive testing - Qualification and certification of NDT personnel» (ISO 9712:2012 «Бұзбайтын бақылау. Бұзбайтын бақылау саласындағы қызметкерлердің біліктілігі мен сертификаттау») ICS 03.100.30; 19.100 халықаралық стандартқа қатысты бірдей болып табылады.

ISO 9712:2012 халықаралық стандарт ISO/TC 135 Бұзбайтын бақылау әдістері Техникалық комитетпен, SC 7 Қызметкерлердің біліктілігі Комитет бөлімшесімен дайындалды.

Ағылшын тілінен аудармасы (en).

Халықаралық стандарттың негізінде осы стандарт дайындалған (әзірленген) және сілтемелер берілген ресми данасы Бірыңғай мемлекеттік техникалық нормативтік құжаттар қорында бар.

Ұлттық стандарттағы бірдей ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың сілтемелі халықаралық, жергілікті стандарттарға және шет ел стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер В.А қосымшасында келтірілген.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT)

4 Осы стандартта 09.11.2004 ж. № 603-II «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заң нормалары жүзеге асырылды.

5 ҚР СТ ИСО 9712-2008 «Бұзбайтын бақылау. Қызметкерлердің біліктілігі мен аттестациялау» орнына енгізілді.

БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2019 жыл
5 жыл

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жыл сайын, сондай-ақ мәтін өзгерістер мен түзетулер ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу) жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	2
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Әдістер мен қысқартулардың белгіленуі	5
5 Жауапкершілік	5
6 Біліктілік деңгейі	8
7 Сертификатталатын үміткерге қойылатын талаптар	9
8 Біліктілік емтиханы	13
9 Сертификаттау	20
10 Сертификаттың қолданылу мерзімін ұзарту	21
11 Қайта сертификаттау	22
12 Мұрағаттау	23
13 Өтпелі кезең	23
14 EN 473:2008, ISO 9712:2005 осы стандартқа көшу	24
А қосымшасы (<i>міндетті</i>) Секторлар	25
В қосымшасы (<i>міндетті</i>) 1 және 2-деңгейдің тәжірибелік емтиханы үшін емтихан үлгілерінің минималды мөлшері және типі	26
С қосымшасы (<i>міндетті</i>) 3-деңгей бойынша қайта сертификаттауға арналған балдық жүйе	28
Д қосымшасы (<i>міндетті</i>) Тәжірибелік емтиханды бағалау	30
Е қосымшасы (<i>ақпараттық</i>) ББ бойынша инженерлік техникалық жұмыстар	33
Библиография	34
В.А. қосымшасы (<i>ақпараттық</i>) Стандарттардың сілтемелік халықаралық, өңірлік стандарттарға, шет мемлекеттердің стандарттарына сәйкестігі туралы мәлімет	35

Наименование: ТОО "NDT CERT" БИН: 191140026948
Выдан документ РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 23.02.2021 № счета на оплату: 4474

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Бұзбайтын бақылау

Бұзбайтын бақылау саласындағы персоналдың біліктілігі және сертификаттау
(NDT)

Енгізілген күні 2015-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт өнеркәсіптік бұзбайтын бақылауды (ББ) жүргізетін қызметкер біліктілігі мен сертификаттауға қойылатын талаптарды белгілейді.

Ескертпе - «Өнеркәсіптік» термині медицина саласындағы стандарт талаптарының қолданылуын болдырмайды.

Осы стандартта сипатталған жүйе, сонымен қатар технология сертификаттау органы қанағаттандыратын өзінің тиімділігін көрсетеді немесе ББ жаңа әдістері, технология халықаралық, Еуропалық, жергілікті немесе ұлттық стандарттармен регламенттелген немесе әдіс және сертификаттаудың толық сызбасы бар болған жағдайда бақылаудың нақты әдісі шеңберіндегі жаңа технологияларға немесе ББ басқа әдістеріне қолданыла алады.

Ескертпе – CEN/TR 14748^[5] стандартын нұсқаулық ретінде қолдануға болады.

Кәсіби (білікті) деңгейге сертификаттау бір емесе бірнеше әдістер бойынша жүргізіледі:

- a) акустикалық-эмиссиялық бақылау;
- b) құйынды тоқты бақылау;
- c) инфрақызыл термографикалық бақылау;
- d) ағынды іздеу (гидравликалық қысыммен сынауды қоспағанда);
- e) магнитті бақылау;
- f) енетін сұйықтықтармен бақылау;
- g) радиографикалық бақылау;
- h) кернеу-қалпының бұзылу жағдайын аспапты бақылау (тензометриялық контроль);
- i) ультрадыбысты бақылау;
- j) көзбен бақылау (оптикалық және басқа құралдар мен жабдықтарды қолданусыз тікелей көзбен толып бақылауды, сонымен қатар ББ басқа әдісін қолдану кезіндегі көзбен бақылауды қоспағанда).

Ескертпелер

1 Осы стандартта үшінші жақпен сәйкестікті бағалау сызбасына арналған талаптарды анықтайды. Бұл талаптар тікелей бірінші немесе екінші жақпен сәйкестікті бағалау сызбасына арнайы қолданыла алмайды, бірақ осы стандарттың кейбір бөлімдері нақты жағдайларда қолданыла алады.

2 Егер стандартта «ол», «оны» деген сөздер кездессе, онда басқа есімдіктерде болуы мүмкін.

Ресми басылым

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Көні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (барлық өзгертулерімен қоса) қолданылады.

ISO/IEC 17024:2012 ISO/IEC 17024:2012 Conformity assessment – General requirements for bodies operating certification of persons (Сәйкестікті бағалау – Қызметкерлер құрамын сертификаттауды жүргізетін органдарға қойылатын жалпы талаптар).

3 Терминдер мен анықтамалар.

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен мынандай терминдер қолданылады.

3.1 Уәкілетті ұйым (authorized qualification body): Жұмыс берушіге тәуелсіз, сертификаттау органымен біліктілік емтихандарын ұйымдастыруға және басқаруға уәкілетті орган.

3.2 Негізгі емтихан (basic examination): Үміткердің материалды жүргізу және технология, тұтас емес түрлер, сертификаттау және біліктілік жүйелерінің қыр-сыры, сонымен қатар 2 деңгейге қажет ББ әдістерінің негізгі қағидаларын білу саласында білімдерін көрсететін 3 деңгейдегі жазбаша емтихан.

Ескертпелер

1 6-бөлімге сәйкес үш біліктілік деңгейі бойынша түсіндірме.

2 Осы стандарт ББ саласындағы мамандардың біліктілігі мен сертификаттауын бағалау жүйесін белгілейді.

3.3 Үміткер (candidate): Біліктілігін бағалағысы келетін және сертификаттаудан өткісі келетін, сертификаттау органына жарамды біліктілігі бар қызметкерлер құрамының бақылауымен тәжірибе жинақтайтын тұлға.

3.4 Сертификат (certificate): Сертификаттау органымен көрсетілген тұлға сертификатта көрсетілген біліктілігін көрсеткенін растайтын белгіленген талаптарға сәйкес берілген құжат.

Ескертпе - Талаптар осы стандартта белгіленген.

3.5 Сертификаттау (certification): Әдіс, деңгей және сектор бойынша біліктілікке қойылатын талаптар сертификатты беруге алып келетіндігін растауға арналған сертификаттау органымен қолданылатын құжат.

3.6 Сәйкестікті растау органы (certification body): Белгіленген талаптарға сәйкес ББ қызметкерлер құрамын сертификаттау процедурасын басқаратын орган.

Ескертпе - Талаптар осы стандартта белгіленген.

3.7 Жұмыс беруші (employer): Үміткер тұрақты жұмыс істей алатын ұйым.

Ескертпе - Жұмыс беруші бір уақытта үміткер де бола алады.

3.8 Емтихан алу орталығы (examination centre): Біліктілік емтихандарын өткізуге арналған сәйкестікті растау органымен мақұлданған орталық.

3.9 Емтихан алушы (examiner): Сертификаттау органымен біліктілік емтиханын жүргізу, бақылау және бағалауға уәкілетті өндірістік сектор немесе өнім секторы, әдіс бойынша 3-ші деңгейге сертификатталған тұлға.

3.10 Жалпы емтихан (general examination): Бұзбайтын бақылаудың анықталған әдістері негіздері бойынша 1 немесе 2 деңгейге жазбаша емтихан.

3.11 Өнеркәсіптік өтіл (industrial experience): Сертификаттау органына жарамды, біліктілік ережелерін орындауға арналған білімдер мен қажетті тәжірибелік қабілет беретін нақты сектордағы бұзбайтын бақылау әдісін жүргізуде білікті бақылаумен алынған өтіл.

3.12 Эмтихан бақылаушысы (invigilator): Сәйкестікті растау органы берген құқы бар емтихан жүргізуді бақылауды іске асыратын тұлға.

3.13 Кәсіби дайындық (job-specific training): Жұмыс берушінің (немесе оның агентімен) сертификат иегеріне жұмыс берушінің өнімі, ББ қондырғысы, ББ процедурасы, қолданылатын нормалар, стандарттар, ерекшеліктер мен жұмысқа қатысуға әкелетін процедуралар үшін айрықша болып табылатын бұзбайтын бақылаудың аспектілері бойынша жүргізілетін оқылымы.

3.14 Негізгі әдісі бойынша емтихан (main-method examination): Үміткер жалпы және арнайы білімдерін көрсететін, сонымен қатар нақты өндірістік секторда немесе үміткер сертификатталатын өнімнің секторында қолданылатын ББ нақты әдісі үшін ББ процедурасын жазу қабілетін көрсететін 3 деңгейге жазбаша емтихан.

3.15 Жауап нұсқалары бар емтихан сұрақтары (multiple choice examination question): 1-еуі дұрыс, қалған 3-еуі дұрыс емес немесе толық емес болып табылатын төрт ықтимал жауаптың ішінен таңдап алу мүмкіндігін беретін сұрақты тұжырымдау.

3.16 Бұзбайтын бақылау бойынша нұсқаулық (NDT instruction): Стандарт, норма, ерекшелік немесе бұзбайтын бақылау әдістемесі бойынша бақылау кезінде орындалуы қажет нақты іс-әрекеттердің жазбаша сипаттамасы.

3.17 Бұзбайтын бақылау әдісі (NDT method): Бұзбайтын бақылаудың кейбір физикалық қағидасын қолдану тәртібі.

Мысал - Ультрадыбыстық бақылау

3.18 Бұзбайтын бақылау процедурасы (әдістеме) (NDT procedure): Стандарттар, нормалар немесе ерекшеліктерге сәйкес өнімге Бұзбайтын бақылау жүргізу кезінде ұсталынуы тиіс барлық негізгі параметрлер мен іс-шаралардың жазбаша сипаттамасы.

3.19 Бұзбайтын бақылау тәсілі (NDT technique): Бұзбайтын бақылау әдісінің нақты тәсілі.

Мысал - Иммерсиялы ультрадыбысты бақылау.

3.20 Бұзбайтын бақылау бойынша кәсіби дайындық (NDT training): Сертификаттау алынатын ББ әдісі бойынша тәжірибе және теория бойынша нұсқау процесі; сертификаттау органымен бекітілген бағдарламаға сәйкес оқу курстарының қалпын қабылдайды.

3.21 Жұмысқа рұқсат (operating authorization): Сертификаттау саласына негізделген, тұлғаға нақты мәселелерді орындауға жол беретін жұмыс берушімен шығарылған жазбаша ереже.

Ескертпе - Мұндай рұқсат кәсіби дайындықты көрсетуге байланысты болады.

3.22 Тәжірибелік емтихан (practical examination): Үміткер көрсетуге тиіс, сонымен қатар бақылауды жүргізу қабілетін көрсетуге тиіс тәжірибелік әдеттерді бағалау.

3.23 Біліктілік (qualification): Тиісті үлгіде бұзбайтын бақылауды жүргізуге қажетті тәжірибе және дайындық, қабілет, білім, физикалық мәліметтердің көрсетілімі.

3.24 Біліктілік емтиханы (qualification examination): Үміткердің жалпы, арнайы және тәжірибелік білімдері, сонымен қатар әдеттері бағаланатын тәуелсіз біліктілік бойынша уәкілетті орган немесе сертификаттау органымен жүргізілетін емтихан.

3.25 Біліктілікті бақылау (qualified supervision): Сертификаттау органының пікірі бойынша тәжірибе жинақтайтын үміткерлерді бақылауда ББ қызметкерлер құрамы, бір әдіспен сертификатталған немесе сертификатталған қызметкерлер құрамы осы түрдегі бақылауды жүргізу үшін білімге, әдетке, дайындыққа және тәжірибеге ие.

3.26. Сектор (sector): Арнайы білімді, әдетті, қондырғыны немесе дайындықты қажет ететін бұзбайтын бақылаудың мамандандырылған техникалық әдістері қолданылатын технология немесе нақты өндіріс саласы.

Ескертпе - «Сектор» термині өнімге (дәнекерленген байланыстар, құймалар) немесе өндірістің толық саласына (авиациялық, пайдалану кезінде бақылау) қатысты бола алады. (А қосымшасын қарау).

3.27 Маңызды үзіліс (significant interruption): Сертификатталған маманға деңгейіне сәйкес келетін ол сертификатталған жалпы алғанда 2 жылдан асып кететін екі немесе одан да көп кезеңдерден, бір жылдан асатын кезеңге арналған осы әдіс және секторда жұмыс істеуге жібермейтін қызметтің жоқтығы немесе ауысуы.

Ескертпе - Ресми демалыс, ауру кезеңдері немесе 30 күннен кем курстар үзілісті есептеу кезінде ескерілмейді.

3.28 Арнайы емтихан (specific examination): Өнімді бақылауға түсіретін білім бойынша, сонымен қатар стандарттар, нормалар, ерекшеліктер, процедуралар және қабылдау белгілері бойынша нақты секторда қолданылатын бақылау әдісі бойынша 1 немесе 2 деңгейге жазбаша емтихан.

3.29 Техникалық талаптар (specification): Талаптарды белгілейтін құжат.

3.30 Емтихан үлгісі (specimen): Нақты секторда бақыланатын әдеттегі өнімді көрсететін мәліметтер файлы немесе радио графикалық суреттерді мүмкін қоса отырып, тәжірибелік емтихандарда қолданылатын үлгі.

Ескертпе - Үлгі бақылауға түсетін бір сала немесе көлемнен артығына таратыла алады.

3.31 Емтихан үлгісі бойынша үлгі есебі (емтихан үлгісіне паспорт) (specimen master report): Үміткердің емтихан жұмысы бағаланатын нақты шарттарда (қондырғы түрі, орнату, бақылау әдісі, үлгі және т.б.) алынған тәжірибелік емтихан үшін ұтымды нәтижелерді көрсететін жауап үлгісі.

3.32 Бақылау (supervision): Бақылауды дайындау, бақылауды өткізу және нәтижелерді рәсімдеу бойынша іс-әрекеттерді бақылау енгізілген ББ басқа қызметкерлер тобымен жүргізілетін бұзбайтын бақылауды қолдануды бақылау.

3.33 Валидтеу (validation): Тексерілген процедура тәжірибе жұмыс істейтіндігін және әдетте тікелей бақылаумен, көрсетіліммен, далалық немесе зертханалық сынақтармен немесе таңдап алынған сынақтармен қол жеткізілетін оған артылған қызметтерді орындайтындығының көрсетілімі.

3.34 Сертификаттау мерзімін ұзарту (renewal): Сертификатты емтихансыз кез келген уақытта сәтті бастапқы, қосымша немесе ресептификациялау емтихандарынан кейін 5 жылға дейін растау процедурасы.

3.35 Қайталама (кезеңдік) сертификаттау (recertification): Сәйкестікті растау жөніндегі органмен ұйымдастырылған қайталама (кезеңдік) сертификаттау белгілері қанағаттанғандығы туралы белгілерді емтихан өткізу арқылы немесе басқа жолмен қайталама растау процедурасы.

4 Әдістер мен қысқартулардың белгіленуі

Осы стандартта 1-кестеде аталған ББ әдістерін белгілеу үшін мынадай қысқартулар қолданылады.

1-кесте – Әдістердің белгіленулері мен қысқартулар

Бұзбайтын бақылау әдістері	Таңбалар
Акустикалық-эмиссиялық бақылау	AT
Құйынды тоқты бақылау	ET
Инфрақызыл термографикалық бақылау	TT
Ағынды іздеу	LT
Магниттік бақылау	MT
Енетін заттармен бақылау	PT
Радиографикалық бақылау	RT
Кернеуді-қалыптың бұзылу жағдайын бақылау	ST
Ультрадыбысты бақылау	UT
Көзбен бақылау	VT

5 Жауапкершілік

5.1 Жалпы ережелер

Сертификаттау органымен (қажет болған жағдайда біліктілік бойынша уәкілетті органның көмегімен) бақылануға және басқарылуға тиіс сертификаттау жүйесі біліктілікті сертификаттауға әкелетін өндірістік сектор немесе өнімнің нақты секторында ББ нақты әдісінің мәселелерін орындайтын тұлғаның біліктілігін көрсетуге қажетті барлық процедуралардан тұрады.

5.2 Сертификаттау органы

5.2.1 Қызметкерлердің сәйкестігін растау органы (бұдан әрі – СРО) ISO/IEC 17024 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.2.2 Сәйкестікті растау органы:

- ISO/IEC 17024 және осы стандартқа сәйкес сертификаттау сызбасының бастамашысы болу, жылжыту, қолдау және басқаруға тиіс;
- [2] немесе баламалы құжатта келтірілген оқыту бағдарламасын қосқандағы оқу курстары бойынша құжаттарды басылымға шығаруға тиіс;
- өзінің тікелей жауапкершілігімен жазбалар жүргізу, емтиханды бағалау, емтиханды өткізу, үлгілер, емтихан материалдары, ББ қондырғысын тексеру және калибрлеу, қызметкерлер құрамы, техникалық жабдықталуды және т.б. қосқандағы

ҚР СТ ISO 9712-2014

процедура және / немесе ерекшеліктер құрастырылуы тиіс біліктіліктер бойынша уәкілетті органның біліктілік процедурасын толық басқаруға құқық бере алады;

d) алғашқы тексеріс және олардың ерекшеліктерге сәйкестігін растауға арналған біліктілік бойынша уәкілетті орган кезеңді бақылау тексерістерін жүргізуге тиіс;

e) құжатталған процедураға сәйкес құқық берілген барлық қызметтерді бақылауы тиіс;

f) қызметкерлер құрамы мен қондырғымен жақсы жабдықталған емтихан алу орталықтарын бекіту тиіс; емтихан алу орталықтарын кезеңді басқылап отыруы тиіс;

g) сертификаттаудың бір айналымында сақталуы тиіс жазбаларды жүргізудің тиімді жүйесін құруы тиіс (10 жыл);

h) барлық сертификаттарды беруге жауапты болуға тиіс;

i) секторларды анықтауда жауапкершілік танытуы тиіс (А қосымшасын қараңыз);

j) барлық емтихан материалдарының сақтығына жауапкершілік танытуы тиіс (үлгілердің, паспорттардың, сұрақтар қорының, сауалнамалардың және т.б.) және емтихан үлгілері оқыту мақсатында қолданылмауын қадағалауы тиіс;

k) барлық үміткерлер мен сертификат ұстаушылар осы мақсатта сертификаттау ұйымымен құрастырылған және жарияланған әдеп кодын орындау міндетіне мөр таңба қоюын немесе қол қоюын талап етуге тиіс.

5.3 Уәкілетті ұйым

5.3.1 Белгілі шекте уәкілетті ұйымдар:

a) сертификаттау органының бақылауында жұмыс істеуге және олармен шығарылған құжаттарды қолдануға;

b) кез келген басыңқы қызығушылықтардан тәуелсіз болуға;

c) ол сертификаттау органына тәуелсіздіктің кез келген бар немесе ықтимал қауіптерін көрсете отырып, біліктілікке қол жеткізетін әр үміткерге қатысты тәуелсіздікті растауға;

d) сертификаттау органымен бекітілген сапа менеджментінің құжатталған жүйесі шеңберінде жұмыс істеуге;

e) калибрлеу және қондырғыны бақылау және емтиханды қосқандағы емтихан алу орталықтарын бекіту, бақылау және тексеруге қажетті арнайы білімдер мен қорларға ие болуға;

f) емтихан алушы, сертификаттау бойынша уәкілетті органның жауапкершілігімен емтиханды дайындау, бақылау және басқаруы;

g) сертификаттау органының талаптарына сәйкес емтихан және біліктілік бойынша сәйкес жазбалар жүргізуге тиіс.

5.3.2 Егер біліктілік бойынша уәкілетті орган болса, сертификаттау органы уәкілетті органдарға қойылатын талаптарды орындауы тиіс.

5.4 Емтихан алу орталығы

5.4.1 Емтихан алу орталығы:

a) сертификаттау органы немесе біліктілік бойынша уәкілетті органның бақылауымен жұмыс істеуге;

b) сертификаттау органымен бекітілген сапа менеджментінің құжатталған жүйесін қолдануға;

c) калибрлеу мен қондырғыны бақылауды қосқандағы емтихан жетекшілігіне арналған қажетті қорға ие болуға;

d) сәйкес мамандандырылған қызметкерлер тобына, ғимаратқа және сәйкес деңгей, әдіс және секторға біліктілік емтихандарын дұрыс өткізуді қамтамасыз ететін қондырғыға ие болуға;

e) осы мақсатқа арналған үлгілер мен емтихан сұрақтарын қолдана отырып, емтихан алушы, сертификаттау бойынша уәкілетті органның жауапкершілігімен емтихандарды дайындау және өткізуге;

f) осы емтихан алу орталығында жүргізілетін тәжірибелік емтихандарға арналған біліктілік бойынша уәкілетті орган немесе сертификаттау органымен бекітілген немесе құрастырылған емтихан үлгілерін қолдану (егер бір емтихан алу орталығынан артық болса, әрбірі бірдей тұтастықтан тұрмайтын салыстырмалы күрделі емтихан үлгілеріне ие болуы тиіс). Қандай да болмасын шарттарда емтихан үлгілері оқуда қолданыла алмайды.

g) сертификаттау органының талаптарына сәйкес емтихан және біліктілік бойынша сәйкес жазбалар жүргізуге тиіс.

5.4.2 Емтихан алу орталығы жұмыс берушінің аумағында орналаса алады. Бұл жағдайда сертификаттау органы тәуелсіздікті сақтау мақсатында қосымша бақылау орнатуы тиіс және емтихандар сертификаттау органының уәкілетті өкілінің қатысуымен және бақылауымен жүргізілуге тиіс.

5.5 Жұмыс беруші

5.5.1 Жұмыс беруші үміткерді сертификаттау органына немесе біліктілік бойынша уәкілетті органға көрсетуі және тұлға жөнінде берілетін мәліметтердің шынайылығын құжаттармен дәлелдеуге тиіс. Бұл мәліметтер білім, дайындық және өтіл жайында мәліметтер, сонымен қатар үміткерді емтиханға жіберу үшін қажетті көру күйінен тұруы тиіс. Егер үміткер жұмыссыз немесе жұмыс беруші болып табылса, білім, дайындық және өтіл жайында мәліметтер кем дегенде сертификаттау органы үшін қабылдарлық бір тәуелсіз жақпен аттестациялануы тиіс.

5.5.2 Жұмыс беруші де, қызметкерлер құрамы да біліктілікті анықтау емтиханының процедурасына қатыспауы тиіс.

5.5.3 Сертификатталған тұлғаларға қатысты жұмыс беруші жауапкершілік тартуы тиіс:

a) жұмыс орнындағы дайындықты қоса отырып (қажет болғанда), жұмысқа қатысуға тиіс барлық құжаттарды беру;

b) жұмысқа жазбаша рұқсатты беру;

c) бұзбайтын бақылау бойынша нәтижелер үшін жауапты болу;

d) 7.4 a) талаптарына мамандардың жыл сайынғы көру өткірлігін бақылау;

e) мәнді үзілістерсіз ББ әдісін қолданудың үздіксіздігін тексеру;

f) қызметкерлер құрамы өндірісте атқарылатын талаптарға қатысты сертификаттарға ие екендігін көрсететін дәлел;

g) сәйкес жазбаларды енгізу.

Бұл жауапкершіліктерді құжатталған процедураға сәйкес көрсету ұсынылады.

5.5.4 Егер тұлға өзі жұмыс беруші болып табылса, онда ол жұмыс берушіге арналған барлық міндеттерді өзіне қабылдауы тиіс.

5.5.5 Осы стандартқа сәйкес сертификаттау ББ операторының негізгі құзыреттілігінің аттестациясын қамтамасыз етеді. Ол жұмыстарды атқаруға құқық бермейді, себебі бұл жұмыс берушінің жауапкершілігі болып табылады, сертификатталған маманнан жұмыс берушіге ерекше қондырғы, ББ процедурасы, материалдар мен өнім секілді параметрлердің қосымша арнайы білімі қажет болуы мүмкін.

Егер бұл заңды құжаттар немесе кодтармен қажет болса, жұмыс істеуге рұқсат берушімен сертификатталған қызметкерлердің стандарттардың осы саласына арналған

ҚР СТ ISO 9712-2014

ерекше білімін тексеруге қажетті ББ процедурасы, бақыланатын өнімді қабылдау белгілері мен қондырғыға қатысты өндірістік оқыту мен емтихан түрлерін анықтайтын СМЖ процедурасына сәйкес жазбаша қалыпта рәсімделуге тиіс.

5.6 Үміткер

Жұмыс берушіге немесе өзіне жұмыс істейтін немесе жұмыссыз үміткерлер:

- a) дайындық курсына сәтті аяқтағанын көрсететін құжатталған дәлелін көрсетуге;
- b) қажетті тәжірибе білікті бақылаумен алынғандығын көрсететін тексерілетін құжатталған дәлелін көрсетуге;
- c) 7.4 тармақ талаптарға сәйкес қанағаттанарлық көрудің құжатталған дәлелін көрсетуге;
- d) сәйкестікті растау органымен басылымға жарияланған әдеп кодын орындау бойынша міндеттерді қабылдауға тиіс.

5.7 Сертификат ұстаушылар.

Сертификатты ұстаушылар:

- a) сертификаттау органымен басылымға жарияланған әдеп кодын орындауға;
- b) 7.4 а) талаптарға сәйкестікте жыл сайын көз тексерісінен өту және тексеру нәтижелерін жұмыс берушіге көрсетуге;
- c) сәйкестікті растау органы мен жұмыс берушіні сертификаттау шарттары орындалмаған жағдайда хабардар етуге тиіс.

6 Біліктілік деңгейі

6.1 1-деңгей

6.1.1 1-деңгейге сертификаттанған тұлға, жазба нұсқаулығына сәйкес және 2 немесе 3- деңгейлердегі қызметшілер құрамының бақылауымен бұзбайтын бақылау бойынша жұмыс жүргізу құзыреттілігін көрсетеді. Сертификатта көрсетілген құзыреттілік саласына сәйкес, 1-деңгейдегі маман ББ нұсқаулығына сәйкес келесі қызметтерді орындайтын құзыретті қызметкер болуы мүмкін:

- a) ББ жабдықтарын баптауға;
- b) бақылау жүргізуге;
- c) жазбаша баға беру критерилері негізінде бақылаудың қорытындыларын хаттамалауға және классификациялауға;
- d) бақылау қорытындыларын ұсынуға.

6.1.2 1-деңгейдегі сертификатталған қызметшілер құрамына бақылау қорытындысында баға беру үшін қолданылмауы тиіс бақылау әдістері немесе бақылау тәсілдерін таңдауда жауапкершілік артылады.

6.2 2-деңгей

2-деңгейге сертификатталған тұлға, әзірленген процедураларға сәйкес бұзбайтын бақылау бойынша жұмыстарды атқару құзыреттілігін көрсетеді. Сертификатта көрсетілген құзыреттілік саласына сәйкес 2-деңгейдегі маман келесі көрсетілген қызметтегі қызметкер болуы мүмкін:

- a) қолданатын бақылау әдісі үшін техникалық тәсілдерді таңдауға;

- b) бақылау әдісін қолдануда шектеулерді анықтауға;
- c) қолданыстағы қызмет жағдайларына қолданылатын бұзбайтын бақылау жөніндегі нұсқаулықтарындағы ББ бойынша кодтар, стандарттар, ерекшеліктер және процедураларды қайта жасауға;
- d) құрылғыны күйіне келтіруге және жұмыс істеу жағдайын тексеруге;
- e) бақылауды жүзеге асыруға және оны бақылауға;
- f) қолданыстағы стандарттар, кодтар, ерекшеліктер немесе процедуралармен сәйкес қорытындыларды түсіндіруге және баға беруге;
- g) 2 және 1-ші деңгейлердегі мамандардың барлық міндеттерінің іске асуын орындау және қадағалау;
- h) 2 және 1-деңгейлердегі қызметшілер құрамына басшылық жүргізуге;
- i) бұзбайтын бақылау қорытындысын ұсынуға.

6.3 3-деңгей

6.3.1 3-деңгейге сертификатталған тұлға, өзі сертификатталған бұзбайтын бақылау бойынша жұмыстарды атқару және басқару құзыреттілігін көрсетеді. 3-деңгейдегі қызметшілер құрамы келесіні көрсетті:

- a) қолданыстағы стандарттар, кодтар және ерекшеліктер жағдайында қорытындыларды түсіндіру және баға беруге құзыреттілік;
- b) бұзбайтын бақылау әдістерін таңдауда, бақылай тәсілдерін әзірлеу және баға беру критерилері болмаған жағдайда оларды анықтауға көмек көрсетуді жүзеге асыру үшін материалдар, өндіріс, процесс және технологиялар туралы тәжірибелік білімнің жеткіліктілігі;
- c) бұзбайтын бақылаудың басқа әдістері туралы жалпы ұғымның болуы.

6.3.2 Сертификатта көрсетілген құзыреттілік саласына сәйкес, 3-деңгейдегі маман келесі көрсетілгендерге құзыретті болуы мүмкін:

- a) өндірісті немесе емтихан орталығын және қызметшілер құрамын бақылауға толық жауап беру жүктемесін өзіне алу;
- b) редакторлық және техникалық түзетуді іске асыру және әзірлеу және бұзбайтын бақылау бойынша нұсқаулық пен процедураларды растауға;
- c) кодтар, стандарттар, ерекшеліктер және процедураларды түсіндіру;
- d) қолданысқа тиесілі ББ жөніндегі ерекше бақылау әдістері, әдістемесін және нұсқаулығын анықтауға;
- e) барлық деңгейлердегі барлық міндеттерді орындауға және бақылауға;
- f) ББ барлық деңгейлеріндегі қызметшілер құрамын басқаруға.

7 Сертификатталатын үміткерге қойылатын талаптар

7.1 Жалпы ережелер

Үміткер сертификаттау алдында өндірістік тәжірибеге қойылған минималды талаптарға және біліктілік емтихан алдындағы дайындыққа және көру қабілетінің минималды талаптарына жауап беруге тиіс.

7.2 Алдын ала дайындық

ҚР СТ ISO 9712-2014

7.2.1 Үміткер сертификаттау жөніндегі орган үшін тиесілі растайтын құжаттарды, атап айтқанда, сертификаттауды алуға ұмтылып жатқан әдіс пен деңгей бойынша дайындық курстарын сәтті аяқтағаны туралы құжаттарды ұсынуы тиіс.

7.2.2 Барлық деңгейлер үшін үміткер сертификаттау жөніндегі органмен танылған теориялық және өндірістік дайындық курстарын сәтті бітіруге тиіс.

3-деңгей үшін, 2-кестеде көрсетілген минималдық дайындыққа қосымша ретінде, біліктілікке дайындық үміткердің ғылыми және техникалық деңгейіне, оған қоса оқу курстарын өту, конференция, семинарларға қатысуы, оқулықтар, мерзімдік немесе басқа арнайы мамандандырылған баспа немесе электронды материалдарды зерделеуіне байланысты әртүрлі тәсілдермен өткізілуі мүмкін.

Ескертпе - Оқу ұйымдарына қойылған талаптар жөніндегі нұсқаулық ISO/TR 25108¹³¹ келтірілген.

7.2.3 Сертификаттау үшін үміткер өтетін дайындықтың минималды ұзақтылығы, ББ қолданылатын әдістері үшін 2-кестеде және 7.2.4 тармағында және ықтимал азаюы 7.2.5 тармағында келтірілген мәліметтерге сәйкес келуге тиіс.

Осы ұзақтылық үміткердің тиісті математикалық дағдылары және алдын ала материалдар мен процестер жөнінде түсініктері бар деген болжамға негізделген. Егер ол болмаса, сертификаттау жөніндегі орган үміткердің қосымша білім алуын талап етуі мүмкін.

Дайындыққа өндірістік те, теориялық та курстар кіреді.

А қосымшасында келтірілгендей өндірістік секторларды анықтау барысында, сертификаттау жөніндегі орган, үміткердің оқу көлемі 2-кестедегідей жеткілікті ме немесе арттыруы қажеттілігін анықтауы тиіс.

7.2.4 2-деңгейге тікелей қол жеткізу 1 және 2-деңгейлерге арналған 2-кестеде көрсетілген сағат санының толықтығын талап етеді.

3-деңгейге тікелей қол жеткізу үшін 1,2 және 3-дейгелер үшін 2-кестеде көрсетілген сағат сандарының толықтығын талап етеді. 3-деңгейдегі сертификатталған маманның жауапкершілігін (6.3. тармағын қарау) және емтихан базасының С бөлігіндегі құрамды (6 кестені қарау) қарастыру барысында, бақылаудың басқа әдістері бойынша қосымша оқу қажет етілуі мүмкін.

2-кесте - Дайындыққа қойылған минималды талаптар

ББ әдісі		1-деңгей, сағаттар	2-деңгей, сағаттар	3-деңгей, сағаттар
AT		40	64	48
ET		40	48	48
T	В – Қысым кезіндегі сынау әдісі	24	32	32
	С – газбен сынау әдісі	24	40	40
MT		16	24	32
PT		16	24	24
ST		16	24	20
TT		40	80	40
RT		40	80	40
UT		40	80	40
VT		16	24	24
Ескертпе – RT үшін радиациялық қауіпсіздік бойынша сағаттар қосылмаған.				

7.2.5 Төменде көрсетілгендей оқу ұзақтылығының азаю мүмкіндігі, егер бірнеше азаю жағдайы кездессе, ортақ азаю оқу ұзақтылығының 50% көп болмау тиіс екендігін көрсетеді. Кез келген азаю сертификаттау жөніндегі органмен расталуы тиіс.

а) Барлық деңгейлер үшін:

- бір бақылау әдісінен артық сертификат алуға (мысалға МТ, РТ) немесе бұрын сертификатталған, белгілі бір пәндер бойынша (мысалға, өндіріс технологиясы) дайындық бағдарламасы қайталанған жағдайда жаңа сертификаттаудан өткісі келген үміткерлер үшін, осы әдістер үшін (мысалға, МТ, РТ, VT) жалпы сабақ сағат саны оқу бағдарламасына сәйкес азаюы мүмкін.

- тиісті мамандық бойынша техникалық колледж немесе университет немесе колледж немесе университетте инженерлік ғылымды зерттеудің кем дегенде екі курсы аяқтаған үміткерлер үшін, дайындықтың толық уақытынан 50 % дейін қысқартуға жол беріледі.

Ескертпе - Бұл ББ әдісіне жақын мамандықтарға (химия, математика немесе физика) және/немесе өнім немесе өндіріс секторларына (химия, металлургия, инженерлік және т.б.) жақын болған жағдайда ғана қолданылады.

б) егер сертификаттау шектеулі болса, 1 және 2 деңгейлері үшін:

- қолданыста (мысалға, ET, UT автоматтандырылған өзек, құбыр немесе ультра дыбыстық қалыңдық бақылау тікелей өңдегіш немесе болат табақтарының төсемін бақылау);

- тәсілмен (мысалға, тек радиоскопияны қолданумен RT), оқу ұзақтылығы 50% дейін төмендеуі мүмкін.

с) егер сертификаттау 56 сағат құрайтын дайындық бойынша минималды талап қою өнім бір секторында және түсірілім шектеулі болса, RT 2-деңгейге тікелей кіруге болады.

7.3 Өндірістік тәжірибе

7.3.1 Жалпы ережелер

Үміткер сертификаттаудан өтетін белгілі сектордағы тәжірибенің минималды ұзақтылығы 3-кестеде келтірілген, оның азаю мүмкіндігі 7.3.3 тармақта берілген. Егер үміткер біреуден артық әдіс бойынша сертификаттаудан өтсе, өндірістік тәжірибенің жалпы уақыты, әр әдіс бойынша тәжірибе ұзақтылығынан қосылуы тиіс.

Осы стандарт 2-деңгей үшін, тәжірибе 1-деңгейдегі маманмен алынатынын болжайды. Егер маман 1-деңгейсіз тікелей 2-деңгейге сертификаттаса, тәжірибе ұзақтылығы 1 және 2-деңгейлерге талап етілген уақыттың қосындысына тең болуы тиіс. Бұл кезеңде ешқандай азайтуларға жол берілмейді.

Барлық деңгейлер үшін тәжірибенің минималды ұзақтылығы емтихан алдында сертификаттау жөніндегі органдармен (3-кестеде анықталынған толық тәжірибеден пайыздық көрсеткіште көрсетілген бөлік ретінде) анықталуы тиіс. Егер өндірістік тәжірибенің бір бөлігі квалификациялық емтиханды сәтті тапсырғаннан кейін иеленсе, емтихан қорытындылары тек екі жыл ғана немесе белгілі әдіс үшін қажетті жалпы өтіл ішінде, бұл жағдайда ең үлкені алынады, жарамды.

Өндірістік тәжірибені растайтын құжат жұмыс берушімен расталуы қажет және сертификаттау жөніндегі органға ұсынылады.

3-кесте. Өндірістік тәжірибеге қойылатын минималды талаптар

ББ әдісі	Өтіл айлармен ^a		
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
AT, ET, LT, RT, UT, TT	3	9	18
MT, PT, ST, VT	1	3	12

^a Айлардағы жұмыс өтілі жұмыс аптасының номиналды 40 сағатына негізделеді немесе жұмыс сапасы заңнамалы түрде бекітіледі. Егер маман аптасына 40 сағаттан артық жұмыс істесе, оған жұмыс сағаттарының толық саны негізінде тәжірибе қосылуы мүмкін, бірақ одан ол тәжірибені растайтын құжат алып келуі қажет.

7.3.2 3-деңгей

3-деңгейдегі жауапкершіліктер арнайы ББ әдісінің техникалық қолданылу аясына кіретін білімді талап етеді. Аталмыш көп білім оқудың әр түрлі құрамалары, дайындық және жұмыс өтілі арқылы игерілуі мүмкін. 3-кестеде үміткердің минималды тәжірибесі техникалық мектепті немесе кем дегенде 2 жылдық аккредитталған колледж немесе университетте инженерлік немесе ғылыми оқуды сәтті бітірген болуы тиіс. Керісінше жағдайда ұзақтылық 2 есеге артуы тиіс.

3-деңгей үшін осы стандарт 2-деңгейдегі маманмен меңгерілетін жұмыс өтілін болжайды. Егер маман 2-деңгейі болмай, тікелей 1-деңгейден 3-деңгейге сертификаттаса, тәжірибе ұзақтылығы 2 және 3-деңгейлер үшін талап етілген уақыт қосындысынан құрылуы тиіс. Бұл кезеңде ешқандай азайтуларға жол берілмейді.

7.3.3 Азаю мүмкіндіктері

7.3.3.1 Төменде көрсетілгендей оқу ұзақтығының азаю мүмкіндігі, егер бірнеше азаю жағдайы кездесе, ортақ азаю оқу ұзақтығының 50% көп болмауы тиіс екендігін көрсетеді. Кез келген азаю сертификаттау жөніндегі органмен расталуы тиіс.

Тәжірибе ұзақтылығын азайту мүмкіндігін қарастыруда, сертификаттау жөніндегі орган келесі аспектілерді назарға алуы тиіс:

- Меңгеріліп жатқан тәжірибе сапасы әр түрлі болуы мүмкін және дағдылар қажетті сертификаттану саласына қатысты жоғары дәрежесі бар және тәжірибе шоғырланатын салада тезірек алынуы мүмкін.

- Егер тәжірибе бір немесе екі бақылау әдістерінен үстірт параллелді меңгерілсе, мысалы MT, PT және VT, бұл әдістердің біреуінің тәжірибесі меңгерілген басқа үстірт әдістер тәжірибесіне қосымша болуы мүмкін.

- Сертификатталып қойған ББ әдісі бойынша секторлардың біреуіндегі тәжірибе, бірдей бақылау әдістері бойынша басқа секторлардағы тәжірибелерге қосымша болуы мүмкін.

- Үміткер алған білімнің деңгейі мен сапасы да назарға алынуы тиіс. Бұл 3-деңгейдегі үміткерлерге қатысты, бірақ өзге деңгейлер үшін де қолданылуы мүмкін.

7.3.3.2 Жұмыс өтілі бойынша сынақ, осы стандарт таралатын, келесі көрсетілген тәртіпте талап етілген толық тәжірибені азайтумен екі немесе одан көп ББ әдістер бойынша бір уақытта алынуы мүмкін:

- 2 әдіс - жалпы талап етілген уақытты 25% азайту;

- 3 әдіс - жалпы талап етілген уақытты 33% азайту;
- 4 немесе одан көп әдістер - жалпы талап етілген уақытты 50% азайту;

Барлық жағдайларда үміткерден 3-кестеге сәйкес талап етілген уақыттың кем дегенде жартысына ие, сертификаттау арызы бойынша бақылау әдісінің әрбіреуі бойынша көрсетуі талап етіледі.

7.3.3.3 Барлық жағдайлар да үміткерден сертификаттаудан өтуге ықтияр ББ әдісі / сектор әр құрамдасы үшін, ол талап етілген уақыттың кем дегенде жартысын көрсету үшін талап етіледі және оның ұзақтылығы бір айдан аз болмауы тиіс.

7.3.3.4 Егер қалаған сертификаттау қолдануда шектелсе (мысалға қалыңдық бақылаушы немесе автоматтық бақылау) ұзақтылық уақыты 50% дейін азайтылуы мүмкін, бірақ 1 айдан кем болмауы тиіс.

7.3.3.5 Өндірістік тәжірибе 50% дейін жарамды өндірістік курс арқылы меңгеріледі, оның ұзақтылығы «бес» (5) максималды коэффициентімен бағалануы мүмкін. Бұл процедура 7.3.3.4 тармақшасында көрсетілген жағдаймен бірге қолданылмауы тиіс. Курс бақылаудың танымал ақау үлгілердің айтарлықтай бөлігіне ие, бақылау проблемаларының жиі орын алатын өндірістік шешімдеріне шоғырлануы тиіс. Бағдарлама сертификаттау жөніндегі органдармен бекітілуге тиіс.

7.4 Көру қабілетіне қойылатын талаптар – барлық деңгейлер

Үміткер келесі көрсетілген талаптарға сәйкес көру қабілетінің қанағаттанушылық қалпын құжаттық растауын ұсынуы тиіс:

а) алыстан көру жітілігі бір көзбен немесе екі көзбен, көзілдірікпен немесе көзілдіріксіз кем дегенде Джегер кестесінің 1 нөмірін немесе Times Roman № 4,5 әрпін немесе 30 см кем емес алыстағы жерден баламалы әріптерді (1,6 мм биіктікте) көруге тиіс;

б) түрлі-түсті көру үміткер жұмыс берушінің нұсқаулығына сәйкес ББ әдісінде қолданылатын түсті немесе сұр реңк арасындағы кереғарлығын ажыратуы және саралауға қабілетті болуы тиіс.

Сертификаттау жөніндегі орган а) тармағында талап етілгенді алмастыру ретінде баламалы тәсілді қарастыруы мүмкін.

Сертификаттаудан кейін алыстан көру қабілетін тексеру жыл сайын тексерілуге тиіс және жұмыс берушімен расталып отыруы қажет.

8 Біліктілік емтиханы

8.1 Жалпы ережелер

Біліктілік емтихандарға бір өндірістік секторда немесе бір немесе одан да көп өнім секторларында қолданылатын ББ осы әдістерін қамтуы тиіс. Сертификаттау жөніндегі орган сұрақтардың саны мен күрделілігін анықтауы тиіс әр емтихан үшін үміткерге арналған максималды рұқсат етілген уақытты анықтап және жариялауы тиіс. Толық сұрақтар үшін орташа рұқсат етілген уақыт сертификаттау жөніндегі органдармен анықталуы тиіс.

8.2. 1 және 2-деңгейлердің емтихан мазмұны және бағасы

8.2.1 Жалпы емтихан

Жалпы емтиханға тек емтихан күні қолданылатын біліктілік жөніндегі құзыретті орган немесе сертификаттау жөніндегі органның жалпы емтихандар сұрақтар жинағынан

ҚР СТ ISO 9712-2014

кездейсоқ тәсілімен іріктеліп алынған сұрақтар ғана кіреді. Үміткерден кем дегенде 4-кестеде келтірілген көп нұсқалы сұрақтардан белгілі санына жауап беру талап етіледі.

Егер басқасы ұлттық заңнамада көрсетілмесе, ББ радио графикалық әдісі бойынша радиациялық қауіпсіздік бойынша қосымша емтихан жүргізілуге тиіс.

Радио графикалық әдіс бойынша емтиханға сертификаттау жөніндегі органның процедурасына сәйкес рентгендік немесе гамма сәулелену немесе екеуі бойынша бірдей сұрақтар кіруі мүмкін.

4-кесте – Қажетті минималды сұрақтар саны – Жалпы емтихан

Бұзбайтын бақылау әдістері	Сұрақтар саны
AT, ET, TT, RT, UT	40
LT, MT, PT, ST, VT	30

8.2.2 Арнайы емтихан

Арнайы емтиханға белгілі сектор(-лар)ға сәйкес біліктілік жөніндегі құзыретті орган немесе сертификаттау жөніндегі органның қолданыстағы арнайы сұрақтар жинағынан іріктелген сұрақтар кіруге тиіс.

Арнайы емтиханда үміткер көп нұсқалы сұрақтардың бұзбайтын бақылау бойынша процедуралар, есептер және кодтар, стандарттар және ерекшеліктерді білуін қамтитын сұрақтар кіретін кем дегенде 20-сына жауап беруге тиіс.

Егер арнайы емтихан екі немесе одан да көп секторды қамтыса, онда сұрақтардың минималды саны, өндіруші секторлар немесе өнім секторлар арасында тең бөлінген кем дегенде 30 тұруы тиіс (А қосымшасы).

8.2.3 Тәжірибелік емтихан

8.2.3.1 Өндірістік емтиханға тиісті емтихандық үлгілер үшін бақылау әдістерін қолдануды, белгіленген қалыпқа сәйкес қорытындыларды ұсыну және бақылау нәтижелерін (2-деңгейдегі кандидаттар үшін түсініктемені) ресімдеу кіруге тиіс. Дайындық үшін қолданылатын үлгілер емтиханда қолданылмауы тиіс.

8.2.3.2 Әр емтихандық үлгі жекелеген болуы тиіс және паспорты болуы керек, ол толық бақылануды қамтамасыз ету үшін сенімді таңбалануы қажет осы үлгіде анықталған ақауларды анықтау барысында қолданылатын құрылғының барлық баптаулары туралы ақпарат болуы керек. Мұндай таңбалау бақылау үлгілеріне кедергі болмауы тиіс және емтиханда бақылау уақытында кандидаттан жасырынды жерде орналасуы тиіс.

Паспорт кем дегенде екі тәуелсіз бақылау мәліметіне негізделуге тиіс және емтиханға баға беру кезінде қолдану үшін 3-деңгейдегі құзыретті маманмен расталуы қажет. Паспорт негізделген тәуелсіз бақылау қорытындылары жазба түрінде сақталуы қажет.

8.2.3.3 Емтихандық үлгілер әдетте, өндіру немесе пайдалану процессінде пайда болатын ақаулары бар болуы тиіс және сектор ерекшелігін, геометриясын қолдану арқылы көрсетілуге тиіс. Ақаулар табиғи, жасанды немесе енгізілген болуы мүмкін. 2-деңгей үшін шынайы үлгілердің орнына мәліметтер файлдары немесе суреттер қолданылуы мүмкін.

Калибрлеу немесе өлшеу мақсатында қолданылатын үлгілерде (мысалға, қалыңдығын бақылау немесе оқшаулағышын өлшеу) ақаулар болмауы мүмкін. Радио графикалық әдістер бойынша емтихандық үлгілерде ақаулардың болуы қажет етілмейді, себебі олар суреттерді түсіндіру кезінде ұсынылады. Осылайша AT, TT және ST үшін

үлгілерде ақаулар болу міндетті емес, себебі 2-деңгей үшін мәліметтер файлдарына түсіндірме үшін ұсынылады.

Ескертпе. Емтихан үлгілеріндегі ақаулар типі бойынша кеңестерді CEN/TS 15053^[6] немесе ISO/TS 22809^[1] табуға болады.

8.2.3.4 Сертификаттау жөніндегі орган ББ әдісі мен секторына, деңгейіне баламалы болын, тіркеуге тиесілі аймақтар мен көлемдерде ақаулар болуын бақылау аймақтар мен көлемдер санын қамтамасыз етуге тиіс. В қосымшасында үлгілер санына, сонымен қоса 1 және 2 деңгейлерге арналған өндірістік емтиханда қадағалануы тиіс аймақтар мен көлемдерге санына қойылатын талаптар көрсетілген.

8.2.3.5 1-деңгейге үміткер емтихан алушы ұсынған ББ нұсқаулығына сәйкес емтихан тапсыруы тиіс.

8.2.3.6 2-деңгейге үміткер ББ жарамды тәсілін таңдауы тиіс және сол кодқа, стандартқа немесе өзгешелікке қатысты жұмыс жағдайларын анықтайды.

8.2.3.7. Жіктер тегіс дәнекерленбеген жағдайларда болған емтихандар үшін, Әдетте, жасанды мәліметтер немесе қайнар көздермен алмастырылады, 1-деңгейге үміткер құрылғыны баптауға қабілеттілігін және калибрлеуді жүргізу, оның сезгіштігін тексеру және қорытынды мәліметтерді жазуға қатысты қабілеттерін көрсетуге тиіс, 2-деңгейге үміткер сондай-ақ, бұрын жазылған қорытынды мәліметтерді түсіндіру мен баға беруге қабілеттілігін көрсетуге тиіс.

8.2.3.8 Рұқсат етілген уақыт емтихандық үлгілер мен олардың күрделілігіне байланысты. Орташа рұқсат берілген уақыт сертификаттау жөніндегі органмен анықталуы тиіс. Ұсынылған максималды уақыт, бақылауға тиесілі әр аймақтар немесе көлемдер үшін рұқсат етіледі, келесіні құрайды:

- а) 1-деңгей үшін—екі сағат;
- б) 2-деңгей үшін—үш сағат.

8.2.3.9 2-деңгей үміткерлері емтихан қабылдаушы таңдаған үлгі үшін 1-деңгейдегі қызметшілер құрамы үшін тиесілі кем дегенде бір құрылғыны әзірлеуге тиіс.

Осы бөліктегі емтихан үшін қарастырылған ұсынылатын максималды уақыты 2 сағатты құрайды.

8.2.4. 1 және 2-деңгейдегі біліктілік емтиханға баға беру

8.2.4.1 Жалпы, арнайы және өндірістік емтихандар әр қайсы жеке-жеке бағалануы тиіс.

Егер алдын ала дайындалған емтиханда қағаз тасмалдаушы қолданылса, емтихан қабылдаушыға жауап беру үлгілерімен салыстру арқылы емтихандарға баға беру үшін жауапкершілік артылады. Сертификаттау жөніндегі органның шешімі бойынша ішінде дұрыс жауаптар базасы енгізілген және әзірленген алгоритм бойынша үміткердің жауаптарын автоматты түрде салыстыратын жазбаша емтиханға баға беретін электронды баға беру жүйесі қолданылуы мүмкін.

8.2.4.2 Өндірістік емтиханға баға беру бақылау деңгейі мен әдісіне байланысты баға берудің салмақты коэффициенттерінің ұсынумен 5-кестенің 1-4 тармақтарын ескере отырып негізделуге тиіс.

**5-кесте – Бағалаудың маңызды бөлімдері мен коэффициенттері.
Тәжірибелік емтихан**

Тармақ а	Пән	Салмақты коэффициент	
	Пән	1-деңгей	2-деңгей
1	ББ құралдарды, соған қоса құралдардың функциясы мен баптауларын білуі.	20 %	10 %
2	Бұзбайтын бақылау үлгісін өткізу. Ол келесі бөлімдерден тұрады: 2-деңгей үшін, бақылау әдісін таңдау және шарттарын анықтау; үлгіні дайындау (беттің жағдайы) және көзбен көріп шолу; в) құралды баптау; г) бақылау жүргізу; д) бақылаудан кейінгі әрекет	35 %	20 %
3	Ақауды анықтау және анықтау бойынша есеп құру, ал 2-деңгейлер үшін – олардың сипаттамасы (бағыт қалпы, өлшемі және типі) және баға беру	45 %	55 %
4	2-деңгей үшін – 1-деңгейдегі маманға арналған жазбаша нұсқаулық әзірлеу	--	15 %
aD1 кестесі осы кестедегі 5 тармақтардың әр қайсысы бойынша түсініктеме. Параметрлер емтихан қабылдаушылар үшін ең тиімді есебінен алынуы тиіс.			

8.2.4.3 Сертификаттан өту үшін үміткер емтиханның әр бөлімінен (жалпы, арнайы және өндірістік) ең аз дегенде 70% баға алуы тиіс. Қосымша ретінде, өндірістік емтиханда әр бақылаудағы үлгі бойынша, сондай-ақ қолданыстағы ББ жөніндегі нұсқаулық үшін кем дегенде 70% алуы тиіс.

8.2.4.4 Емтиханның жалпы және арнайы бөлімдері үміткер берген жауаптармен сертификаттау жөніндегі органдар бекіткен жауаптармен салыстыру арқылы бағаланады. Әр дұрыс жауап бір балл болып бағаланады және тест бағасы алынған бал қосындысына тең. Әр тесттің соңғы нақты бағаның есебі үшін әр тесттің бағасы пайыздық көрсеткіште шығады.

8.2.4.5 2-деңгейдегі үміткерлер үшін, әзірленетін нұсқаулық үшін үлгі, D.1 кестемен сәйкес 100 балдық шегімен бағалануы тиіс. Басқа үлгілер (құрылғысыз) D.1 кестесіне (8.2.4.2 қарау) сәйкес 85 балл шегінде баға берілуге тиіс, бұл ретте соңғы әрі нақты бағалау 100/85 коэффициентіне көбейту арқылы алынуы тиіс. Нұсқаулық D.1 (8.2.4.2 қарау) кестесіне сәйкес 15 балдық баға берумен және 8.2.4.3 тармағында талап етілгенмен салыстыру үшін бағалануы тиіс. 70%, бұл 100/15 көбейтілуге тиіс дегенді білдіреді.

АТ әдісі үшін талап етілген құрылғы өндірістік емтиханда бақыланбайтын үлгіде құрастырылуы мүмкін.

Наименование: ТОО "NDT CERT" БИН: 191140026948
Выдан документ РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 23.02.2021 № счета на оплату: 4474

8.3 3-деңгейге арналған емтихан мазмұны және оны бағалау

8.3.1 Жалпы ережелер

ББ кез келген әдісі бойынша 3-деңгейдің барлық үміткерлерге тиісті әдіс пен сектор бойынша 2-деңгейдегі өндірістің емтиханды (70% төмен емес қорытындымен) сәтті тапсыруы тиіс, бірақ бұл ретте 1-деңгей үшін ББ бойынша нұсқаулыққа жол берілмейді (8.2.3.9 қарау). А қосымшасында анықталғандай өндірістік сектордағы ББ әдісі бойынша 2-деңгейде өндірістік емтиханды сол өнім секторында немесе сол әдіс бойынша бұрын сәтті тапсырған 2-деңгей бар үміткер, 2-деңгейле өндірістік емтиханды тапсырудан босатылады. Бұл ерекшелік қарастырылған өндірістік секторлармен және басқа барлық жағдайларда, тиісті секторларда – 3-деңгей сертификатқа иеленбекші үміткер сектор үшін ғана ерекше болады.

8.3.2 Базалық емтихан

8.3.2.1 Жазбалы емтихан 6-кестеде талап етілетін ең минималды келтірілген көп нұсқалық сұрақтар санының қолдану арқылы, негізгі пән бойынша үміткердің біліміне баға беруге тиіс. Емтихандық сұрақтар емтихан өткен кезде қолданылатын сертификаттау жөніндегі органның сұрақтар жинағынан іріктелу арқылы кездейсоқ болуы тиіс.

6-кестесі – Базалық емтихан бойынша талап етілген минималды сұрақтар сапасы

Бөлім	Пән	Сұрақтар саны
А	Материалды қолдану және технологиялық процестердің техникалық білімі.	25
В	Осы стандартқа негізделген сертификаттау жөніндегі біліктілік және сертификаттау жүйесін білу. Ол ашық емтихан болуы мүмкін.	10
С	2-деңгей үшін талап етілетіндей және үміткер 1 бөлімде келтірілген әдістерден таңдаған кем дегенде 4 әдістен жалпы білімі. Бұл 4 әдіс кем дегенде бір көлемді әдістен тұруы тиіс (UT немесе RT)	15 әр әдіс үшін (барлығы 60)

8.3.2.2 Базалық емтихан тапсырылғаннан кейін 5 жыл ішінде тапсырылуы тиіс негізгі әдіс бойынша бірінші емтиханды қамтамасыз ете отырып күшін жоймай және бірінші болып тапсыру үшін кеңес етіледі. 3-деңгейдегі сертификатқа ие үміткер базалық емтиханнан босатылады.

8.3.3 Негізгі әдіс бойынша емтихан

Бұл жазбаша емтихан 7-кестеде келтірілген минималды талап етілген сұрақтар санын қолдана отырып негізгі әдістің пәндері бойынша үміткердің білімін бағалауы тиіс. Емтихандық сұрақтар емтихан өткен кезде қолданылатын сертификаттау жөніндегі органның сұрақтар жинағынан іріктелу арқылы кездейсоқ болуы тиіс.

7-кесте – Негізгі әдіс бойынша емтихан сұрақтарының минимал қажетті саны

Бөлім	Пән	Сұрақтар саны
	Қолданылатын бақылау әдісіне қатысты 3-деңгейдегі білім	30
	Тиісті секторда, оған қоса қолданыстағы кодтар, стандарттар, ерекшеліктер және процедураларда ББ әдісінің қолданылуы. Бұл кодтар, стандарттар, ерекшелікте және процедураларға қатысты ашық емтихан болуы мүмкін.	20
	Тиісті секторда ББ бір немесе бірнеше процедураларын құру. Үміткерде қолданылған кодтар, стандарттар, ерекшеліктер және басқа процедуралар болуы тиіс. 3-деңгейде емтиханды сәтті тапсыру барысында ББ әдістемесін әзірлеп қойған үміткерлер үшін, сертификаттау жөніндегі орган, әдістеме әзірлеудге тиісті әдіс және сектор бойынша қателіктер және/немесе олқылықтар бар ББ қолданыстағы әдіске сыни талдауға алмастыруы мүмкін.	--

8.3.4 3-деңгейге арналған біліктілік емтихандарын бағалау

8.3.4.1. Жалпы ережелер

Базалық емтихан және негізгі әдіс бойынша емтихан жеке-жеке жүзеге асуы тиіс. Сертификаттау үшін үміткер базалық емтиханды да, солайша негізгі әдіс бойынша емтиханды да тапсыруы тиіс.

Базалық емтиханның А, В және С үш бөлім үшін және негізгі әдіс бойынша емтиханның D және E бөлімдері үшін келесі талаптар қолданылады.

Егер алдын ала дайындалған қағазды тасымалдаушы да қолданылса, онда емтихан қабылдаушы сертификаттау жөніндегі органмен бекітілген жауаптар үлгісімен салыстыру арқылы емтиханды бағалауға жауапты. Әр дұрыс жауап бір балл болып есептелінеді және тест бағасы жиналған балл санына тең. Соңғы есеп үшін әр тесттің бағасы пайыздық көрсеткіште беріледі.

Сертификаттау жөніндегі органның шешімі бойынша ішінде дұрыс жауаптар базасы енгізілген және әзірленген алгоритм бойынша үміткердің жауаптарын автоматты түрде салыстыратын жазбаша емтиханға баға беретін электронды баға беру жүйесі қолданылуы мүмкін.

8.3.4.2 Базалық емтихан

Базалық емтиханды тапсыру үшін, үміткер А, В және С әр бөлім бойынша кем дегенде 70% баға алуы тиіс.

8.3.4.3 Негізгі әдіс бойынша емтихан

Негізгі әдіс бойынша емтихан тапсыру үшін, үміткер D, E және F әр бөлімі бойынша кем дегенде 70% баға алуы тиіс.

Әдісті бағалау үшін D.2 кестесін қолдану кеңес етіледі.

8.4 Емтихан өткізу

Наименование: ТОО "NDT CERT" БИН: 191140026948
Выдан документ РГП на ПВХ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 23.02.2021 № счета на оплату: 4474

8.4.1 Барлық емтихандар сертификаттау жөніндегі органдармен немесе біліктілік жөніндегі тікелей немесе өкілетті органдар арқылы белгіленген, мойындалған және тексерілген емтихандық орталықтарда өтуге тиіс.

8.4.2 Емтиханда үміткер емтихан қабылдаушыға немесе бақылаушыға талап бойынша көрсетілуге тиіс емтихан туралы ресми хабарлама және тұлғалығын сәйкестігін дәлелдейтін күші жойылмаған құжаты болуы тиіс.

8.4.3 Курс барысында емтихандық ережелерді сақтамайтын немесе алаяқтық жасаған немесе жасалуына қатысқан кез келген үміткер, кем дегенде бір жылдық мерзімге біліктілік емтихандарына әрі қарай қатысудан шектелуге тиіс.

8.4.4 Емтихандық сұрақтар сертификаттау жөніндегі органмен расталуы тиіс. Егер қағаз негізінде алдын ала дайындық емтихандары өткізілсе, емтихандық нұсқалар емтихан қабылдаушымен тексеріліп және бекітілуі керек және баға қою сертификаттау жөніндегі органдармен бекітілген процедураларға сәйкес өткізілуге тиіс (8.2.4. және 8.3.4 қарау).

Егер сұрақтарды таңдап, оның жазбаша көшірмесін компьютерде ұсынып және емтиханға баға беретін, баға берудің электрондық жүйесі қолданылса, онда сертификаттау жөніндегі орган осы электрондық жүйені тексеріп және бекітуге тиіс.

8.4.5 Жазбаша (электронды немесе қарапайым) және өндірістік емтихандар емтихан қабылдаушының немесе емтихан қабылдаушының бақылауына жауапкершілікпен тағайындалған бір немесе оданда көп дайындалған бақылаушылардың бақылауында өтуге тиіс.

8.4.6 Келесі көрсетілген жағдайларда емтихан қабылдаушы үміткерден емтихан қабылдай алмайды:

- а) оқу бітіргеннен кейін 2 жыл бойы өзі емтиханға дайындаған үміткерді;
- б) емтихан қабылдаушымен бір кәсіпорнында (тұрақты немесе уақытша) бірге жұмыс істесе.

8.4.7 Сертификаттау жөніндегі орган рұқсат берген жағдайда үміткер өндірістік емтиханға өзінің жеке құралымен қатыса алады.

8.4.8 Үміткер емтихан қабылдаушының рұқсатынсыз емтиханға кез келген затты бірге алып кіргізе алмайды..

8.5 Емтиханды қайта тапсыру

8.5.1 Алаяқтылығы үшін емтиханнан шектелген үміткер, қайталап емтиханды тапсыруға бір жылдан кейін ғана өтініш білдіре алады (8.4.3 қарау).

8.5.2 Емтиханның кез келген бөлімі бойынша өту балын жинай алмаған үміткер, сертификаттау жөніндегі орган үшін тиімді қосымша дайындықтан өткенге дейін 1 айдан ерте емес уақытта және емтиханды тапсырудағы алғашқы әрекетінен кейін 2 жылдан аспайтын уақытта қайталап тапсыра алады.

Есукертпе - Бұл жағдайда емтихан бөлімдері, ол 1 және 2-деңгейлері үшін базалық емтихандарындағы жалпы, арнайы және өндірістік А, В және С бөлімдері және 3-деңгей үшін негізгі әдіс бойынша емтихандарының D, E және F бөлімдері болып табылады.

8.5.3 Барлық рұқсат етілген емтиханды қайта тапсыру мүмкіндіктерінен өтпеген үміткер, жаңа үміткерге тиесілі емтиханға өтініш білдіріп және тапсыруы тиіс.

8.6 Емтиханнан босатылу

ҚР СТ ISO 9712-2014

8.6.1 ББ бірдей әдісі бойынша қосымша секторда сертификатталуға ниет білдірген 1 немесе 2-деңгейдегі сертификатталған маман, жаңа сектормен байланысты ББ әдісі бойынша тек арнайы және өндірістік емтиханды тапсыруы тиіс.

8.6.2 ББ бірдей әдісі бойынша қосымша секторда сертификатталуға ниет білдірген 3-деңгейдегі сертификатталған маман, негізгі әдіс бойынша базалық емтиханнан және D бөлімін тапсырудан босатылады (7 кесте).

9 Сертификаттау

9.1 Процедура

Барлық шарттарды орындайтын үміткер сертификатталуы тиіс және оның дәлелі сертификаттау бойынша органмен қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл сертификатты (сертификаттарды) және/немесе пластикалық карточканы (9.2-тармақты қараңыз) беру арқылы және/немесе сертификаттау бойынша органның сайтында электрондық жүктеу және сәйкес ақпаратты көрсету арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

9.2 Сертификаттар және/немесе куәліктер

Сертификаттар және/немесе сәйкес карточкалар, кем дегенде, келесі ақпаратты қамтуы қажет:

- a) сертификатталған маманның аты-жөні;
- b) сертификаттау күні;
- c) сертификаттау мерзімінің өту күні;
- d) осы стандартқа (ISO 9712:2012) сілтеме;
- e) біліктілік деңгейі;
- f) сертификаттау бойынша органның атауы;
- g) ББ әдістері;
- h) сәйкес сектор (секторлар);
- i) егер бұл қолданылса, сертификаттау бойынша шектеулер және/немесе арнайы қолданылу салалары;
- j) жеке сәйкестендірме нөмірі;
- k) сертификатталған маманның қолы;
- l) пластикалық карточканы берген жағдайда, сертификатталған маманның фотосуреті;
- m) карточканы бұрмалауды болдыртпауды қамтамасыз ету, мысалы, салқын ораманы қолдану, ламинациялау және т.с.с.;
- n) сертификаттау бойынша органның уәкілетті өкілінің қолы.

Сертификатта немесе карточкада сертификат иесіне бақылау жүргізуге рұқсат беретін жұмыс берушінің (3.2.1 қараңыз) қолы мен мөрі үшін орын ескерілуі мүмкін. Осылайша жұмыс беруші бақылау нәтижелері үшін жауапкершілікті алғанын көрсетеді.

9.3 Цифрлық сертификаттар

9.3.1 Цифрлық сертификат шынайы (қағаз тасымалдауыштағы) сертификаттың орнына немесе осы сертификат ретінде шығарылуы мүмкін. Бұл жағдайда, ұлттық заңнаманың талаптарын есепке ала отырып, келесі ақпарат мүдделі тарапқа арнайы сұранымсыз қол жетімді болуы мүмкін (сертификаттау бойынша органның сайтында):

- сертификаттау бойынша органның заңды атауы, байланыс ақпараты және, мүмкін болса, аккредитталуы туралы мәліметтер;
- сертификатталған маманның аты-жөні;

- сертификатталған маманның бірегей сәйкестендірме нөмірі;
- сертификатталған маманның фотосуреті (соңғы 10 жылда жасалған);
- сертификаттаудың басталу және аяқталу күні;
- ББ деңгейін, әдісін (әдістерін) және сәйкес секторды қоса, сертификаттау саласы;
- егер қолданылса, сертификаттаудың кез келген шектеулері.

9.3.2 Егер жоғарыда көрсетілген мәліметтерді сертификаттау бойынша органның сайтынан тікелей басылып шығару мүмкіндігі болса, басылып шығарылған құжат басылу күнін және сертификаттаудың жарамды жағдайы сәйкес сайтта тексерілу мүмкіндігі туралы пайымдауды қамтуы қажет.

9.4 Қолданылу мерзімі

9.4.1 Жалпы ережелер

Сертификаттың максималды қолданылу мерзімі 5 жылды құрайды. Қолданылу мерзімі (сертификаттау күні), сертификаттаудың барлық шарттары (дайындық, өтіл, оң нәтижелі көру қабілетін тексеру, сәтті тапсырылған емтихандар) орындалса, басталуы тиіс.

Сертификаттау келесі жағдайларда жарамсыз болады:

- a) сертификаттау бойынша органның шешімі бойынша, мысалы, сертификаттау процедурасына сәйкес келмейтін, әдепке жатпайтын қылықтардың дәлелдерін қайта қарастырғаннан кейін немесе этика кодын бұзған жағдайда;
- b) егер маман жұмыс берушінің жауапкершілігімен жыл сайын өткізілетін көз жітілігін тексерудің негізінде өзінің міндеттерін атқаруға физикалық түрде жарамсыз болса;
- c) маман сертификатталған әдіс бойынша жұмыста айтарлықтай үзіліс кезінде (3.27 қараңыз);
- d) маман қайта сертификаттаудың немесе бастапқы сертификаттаудың талаптарына сәйкес келгенде, қайта сертификаттаудан өтпеген жағдайда.

9.4.2 Қолданылу мерзімін жаңарту

Сертификаттау бойынша орган 9.4.1 a) және b) жағдайларында сертификаттаудың қолданылу мерзімін жаңарту үшін шарттарды белгілеуге тиіс.

Айтарлықтай үзілістен кейін сертификаттауды жаңарту үшін маман қайта сертификаттау емтиханын тапсыруы қажет. Сертификаттау жаңарту күнінен 5 жыл мерзімге жаңартылады.

10 Сертификаттың қолданылу мерзімін ұзарту

10.1 Қолданылудың бірінші мерзімі аяқталғаннан кейін және келесі әр он жыл ішінде сертификат сертификаттау бойынша тәуелсіз органмен, келесі құжаттар берілсе, жаңа бес жылдық мерзімге ұзартылуы мүмкін:

- a) бұрынғы 12 ай ішінде өткізілген көз жітілігін тексерудің оң нәтижелерінің құжатталған дәлелі;
- b) сертификат жаңартылатын әдіс пен сектор бойынша айтарлықтай үзіліссіз (3.27 қараңыз) ұзақ мерзімді табысты жұмыстың тексерілетін құжатталған дәлелі.

Егер б) критерийі қанағаттандырылмаса, үміткер қайта сертификаттау ережелерін (11-тарау) басшылыққа алуы қажет.

10.2 Ұзарту процедурасының бастамасы сертификат ұстаушысының жауапкершілігі болып табылады. Ұзарту құжаттары сертификаттаудың аяқталуына дейін 6 ай ішінде тапсырылуы тиіс. Сертификаттау бойынша органның шешіміне негізделген

ерекшелік ретінде сертификаттау аяқталған күннен кейін 12 ай ішінде берілген құжаттар қарастырылуы мүмкін. Осы мерзімнен кейін ешқандай ерекшеліктер рұқсат етілмейді және үміткер қайта сертификаттау емтиханына жіберілуге тиіс.

11 Қайта сертификаттау

11.1 Жалпы ережелер

Қолданылудың әр екінші мерзімі аяқталуының алдында (әр 10 жыл) сертификатталған маман сертификаттау бойынша органмен, төменде берілген талаптардың негізінде 10.1 а) тармағының критерийлерін қанағаттандырып, жаңа бес жылдық мерзімге немесе одан қысқа мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Қайта сертификаттау процедурасының бастамасы сертификат ұстаушысының жауапкершілігі болып табылады. Егер қайта сертификаттауға өтініш қолданылу мерзімінің аяқталуынан кейін 12 ай өткенде берілсе, келесі емтихандар сәтті тапсырылуы тиіс: 1 және 2-деңгейлер үшін – толық емтихан (жалпы, арнайы және тәжірибелік); 3-деңгей үшін – негізгі әдіс бойынша емтихан.

11.2 1 және 2-деңгейлер

11.2.1 Қайта сертификаттауға өтініш берген 1 және 2-деңгей мамандары ұзарту үшін 10.1 б) критерийлеріне сәйкес болып, 11.2.2 талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

11.2.2 Маман сертификаттау белгіленген салада үздіксіз құзыреттілікті көрсететін тәжірибелік емтиханды сәтті тапсыруы тиіс. Емтихан сертификаттау саласына сәйкес келетін емтихан үлгілерін бақылауды (В.1-кестені қараңыз), ал 2-деңгей үшін қосымша түрде – 1-деңгей қызметкерлері үшін нұсқаулардың құрамын (8.2.3.9 қараңыз) қамтуы тиіс. Егер маман әр үлгі бойынша, кем дегенде, 70% алмаса (5-кестенің ұсыныстарына сәйкес салмақтық коэффициенттер) және 2-деңгей үшін – жазылған нұсқау бойынша, оған бірінші қайта сертификаттау емтиханынан 7 күннен ерте емес және 6 айдан кешікпей барлық қайта сертификаттау емтиханын тапсырудың екі талпынысы беріледі.

Егер маман екі жаңадан емтиханды тапсырмаса, сертификаттау жаңартылмайды және ол қайта өтініш жазып, жаңа үміткерлер үшін белгіленген деңгейге, әдіске және секторға сертификаттауды өтуге тиіс. Бұл жағдайда маманға, басқа әдістер бойынша сертификаттауға қарамастан, ешқандай жеңілдік берілмейді.

11.3 3-деңгей

11.3.1 Қайта сертификаттаудан өтетін 3-деңгей мамандары келесімен расталған үздіксіз біліктіліктің дәлелін беруі қажет:

а) 3-деңгейдің жазбаша емтиханы бойынша 11.3.2 талаптарын қанағаттандыру;

б) баллдарды жинаудың құрылымдық жүйесінің талаптарына сәйкестік, D қосымшасы.

Маман қайта сертификаттау үшін емтихан мен баллдарды жинау жүйесі арасында таңдауы мүмкін. Егер баллдарды жинау жүйесі таңдалып, жұмыс берушінің құжаттарды беруі қажет болса немесе жұмыс берушінің ғимараттарына қол жетімділік қажет болса, маман сертификаттау бойынша органға жұмыс берушінің жазбаша рұқсат қағазын беруге тиіс.

Екі жағдайда да (жазбаша емтихан немесе баллдарды жинау жүйесі) маман сертификаттау бойынша органға өзінің тиімді үздіксіз тәжірибелік құзыреттілігінің сәйкес құжатталған дәлелін беруге тиіс немесе, 11.2.2 сипатталғандай, ББ бойынша нұсқауды жазудан басқа, тәжірибелік емтиханды сәтті тапсыруы тиіс.

11.3.2 Маман ББ техникалық тәсілдерін, стандарттарды, нормаларды немесе сипаттама құжаттарды және қолданылатын технологияны түсінгендігін көрсететін, сәйкес секторда (секторларда) бақылау әдісін қолдауы бойынша, кем дегенде, 20 сұрақты және сертификаттау бойынша органның шешімі бойынша, сертификаттау жүйесінің талаптары жөнінде 5 сұрақты қамтитын емтиханды сәтті тапсыруы тиіс.

11.3.3 Егер маман қайта сертификаттау емтиханында 70% алмаса, оған барлық қайта сертификаттау емтиханын қайта тапсырудың екі талпынысы беріледі. Мерзім сертификаттау бойынша органмен ұзартылмаса, барлық емтиханды қайта тапсырулар 12 ай ішінде жүргізілуге тиіс.

Егер маман емтиханды екі рет қайта тапсырудан өтпесе, ол қайта сертификаттала алмайды және сол әдіс пен сектор бойынша сертификатты жаңарту үшін үміткер негізгі әдіс бойынша емтиханды сәтті тапсыруы тиіс.

11.3.4 Өтініш берген, бірақ баллдарды жинаудың құрылымдық жүйесін қанағаттандырмайтын үміткер 11.3.2 сәйкес қайта сертификатталуы тиіс. Қайта сертификаттау емтиханын тапсырмау жағдайында, құрылымдық жүйе бойынша қайта сертификаттауға өтініш беру күнінен бастап, 12 ай ішінде емтиханды қайта тапсырудың бір талпынысы беріледі.

12 Мұрағаттау

Сәйкестікті растау органы немесе оның біліктілік бойынша уәкілеттік органы келесіні қамтамасыз етуге тиіс:

а) деңгейі, бақылау әдісі және секторы бойынша топтастырылған, барлық сертификатталған үміткерлердің ағымдағы тізімі немесе дерекқоры;

б) әр сертификатталмаған үміткер бойынша жеке іс, кем дегенде, өтініш беру күнінен 5 жыл;

с) әр сертификатталған үміткер мен сертификаттауы аяқталған әр үміткер бойынша жеке істер:

1) соңғы 10 жылда жасалған фотосурет немесе цифрлық фотосурет;

2) сұраным формасы;

3) сауалнама, жауаптар, үлгілердің сипаттамасы, жазбалар, тест нәтижелері, жазбаша процедуралар және бағалау хаттамалары сияқты емтихан құжаттары;

3) ұзарту мен қайта сертификаттау құжаттары, көз жітілігінің және үздіксіз қызметінің дәлелдерін қоса;

4) сертификаттаудың күшін жоюдың себептері.

Жеке істер қауіпсіздіктің және құпиялылықтың сәйкес шарттарында сертификаттаудың қолданылуының барлық мерзімі ішінде және, кем дегенде, сертификаттау аяқталғаннан кейін сертификаттаудың толық бір циклі ішінде сақталуы тиіс.

13 Өтпелі кезең

13.1 Осы тармақтың мақсаты, егер сертификаттау бойынша орган оның схемасымен қамтылмайтын ББ әдісі үшін сертификаттау схемасын қолданса немесе жаңа сектор құралса, жүйенің қызмет етуін рұқсат ету болып табылады. Сертификаттау бойынша орган 5 жылдан аспайтын мерзімге біліктілік емтихандарын өткізу, қадағалау және бағалау үшін емтихан алушы ретінде (3.9 қараңыз) білікті қызметкерлерді уақытша тағайындауы мүмкін. Енгізудің бес жылдық мерзімі сертификаттау бойынша органмен осы стандартының біліктілік пен сертификаттау бойынша барлық талаптарға сәйкес келмейтін үміткерлерді сертификаттау құралы ретінде қолданылмауы тиіс.

ҚР СТ ISO 9712-2014

13.2 «Білікті қызметкер» келесі қасиеттерге ие болуы тиіс:

- а) ББ принциптерін білу және сәйкес сектордағы арнайы білімінің болуы;
- б) ББ әдісін қолданудың өнеркәсіптік өтілінің болуы;
- в) біліктілік емтихандарын өткізе алу;
- г) сауалнаманы және біліктілік емтиханының нәтижелерін түсіндіре алу.

13.3 Тағайындалу күнінен бастап 2 жыл ішінде бұл емтихан алушылар 11.3.1 бойынша қайта сертификаттау түріндегі сертификаттаудан өтуге тиіс.

14 EN 473:2008, ISO 9712:2005 осы стандартқа көшу

Осы стандарттың жариялануына дейін өткізілген, EN 473:2008 және ISO 9712:2005 сәйкес сертификаттау процесіндегі келесі міндетті кезеңге дейін, яғни, осы стандартқа сәйкес жүргізілетін ұзартуға немесе қайта сертификаттауға дейін, жарамды болып табылады.

Осы стандартқа сәйкес сертификаттау EN 473:2008 және ISO 9712:2005 талаптарын қанағаттанарлық ретінде қарастырылады, демек, осы стандарттарға сәйкес сертификаттау бойынша кез келген талаптар осы стандарт бойынша сертификаттауға сәйкес келеді.

А қосымшасы (міндетті)

Секторлар

А1 Жалпы ережелер

Секторды құрған кезде сертификаттау бойынша органның назарына келесі тізімді алған жөн. Бұл ұлттық қажеттіліктерге сәйкес қосымша секторларды құруға тыйым салмайды.

А2 Өнім секторлары

- құймалар (c) (қара және түсті металдар);
- сом темірлер (f) (сом темірлердің барлық түрлері: қара және түсті металдар);
- дәнекерленген жіктер (w) (жіктердің барлық түрлері, дәнекерленген, қара және түсті металдарды қоса);
- құбырлар (t) (жіксіз, дәнекерленген, қара және түсті металдар, дәнекерленген құбырлардың өндірісіне арналған тегіс бұйымдарды қоса);
- сом темірлерден басқа өңделген бұйымдар (wp) (мысалы, тілімдер, қайрақшалар, біліктер);
- композициялық материалдар (p).

А3 Өндірістік секторлар

Өнімдердің бірнеше секторын біріктіретін секторлар, барлық немесе кейбір бұйымдар мен материалдарды қоса (мысалы, қара немесе түсті металдар немесе қыш, пластик және композициялық материалдар сияқты бейметалдар):

- өндіріс;
- қолданудың алдында және қолдану процесінде бақылау, өндірісті қоса;
- теміржолды ұстау;
- авиация және ғарышкерлік.

Өндірістік секторды құра отырып, сертификаттау бойынша орган өзінің жарияланған құжаттамасында өнімді, объектіні белгілеп, жаңа сектордың құрамын дәл анықтауы қажет.

Кез келген өндірістік секторда сертификатталған маман осы өндірістік сектор қамтитын өнімнің бөлек секторлары бойынша сертификатталған ретінде қарастырылуы қажет.

Секторлар бойынша сертификаттау ББ барлық әдістерінде құзіреттіліктің барлық үш деңгейі бойынша тиімді болуы мүмкін немесе оның белгілі әдістер немесе деңгейлер бойынша шектеулері болуы мүмкін. Алайда, сертификаттау саласы сертификатта көрсетілуге тиіс.

Композициялық материалдар үшін сәйкестікті растау органы біліктілік емтиханына талаптарды белгілеуге тиіс.

В қосымшасы
(міндетті)

1 және 2-деңгейдің тәжірибелік емтиханы үшін емтихан үлгілерінің минималды мөлшері және типі

В 1 кестесі – 1 және 2-деңгейдің тәжірибелік емтиханы үшін емтихан үлгілерінің минималды мөлшері және типі

Өнім секторы	Әдіс/деңгей															
	UT1	UT2	RT1	RT2	ET1	ET2	MT1	MT2	PT1	PT2	LT1	LT2	VT1	VT2	AT1	AT2
Құйма	2	2	2	2+ 12р с	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	1	1+2 дж
Сом темір	2	2	2	2+ 12р с	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	1	1+2 дж
Дәнекерлеу	2	2	2	2+ 12р с	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	1	1+2 дж
Құбырлар мен құбыр заттары	2	2	2	2+ 12р с	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	1	1+2 дж
Илем өнімдері	2	2	2	2+ 12р с	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	1	1+2 дж
Өндірістік секторлар (екі немесе одан көп өнім секторлары кіретін)	UT1	UT2	RT1	RT2	ET1	ET2	MT1	MT2	PT1	PT2	LT1	LT2	VT1	VT2	AT1	AT2

Наименование: ТОО "NDT CERT" БИН: 191140026948
 Выдан документ РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 23.02.2021 № счета на оплату: 4474

Металлургия өнеркәсібі (метал өңдеу, металл өнімдері, металл өндіру)	2	2	2	2+ 12pc	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	1	1+2 дж
Пайдалануға дейін және кейін бақылау	3 c/f w	3 c/f w	2 c/f w	2 cw+ 24pc	3 t w	3 t w	3 c/f w	3 c/f w	3 c/f w	3 c/f w	3	3	3 c/f w	3 c/f w	1 c/f w t	1+2 дж c/f w t
Жемір жолға техникалық қызмет көрсету	2	2	-	-	2	2	2	2	2	2	-	-	2	2	-	-
Авиациялық-ғарыштық	3	3	2	2+ 12pc	3	3	2	2	2	2	-	-	2	2	1	1+2 дж

ST үшін 1-деңгей үшін үлгілердің минималды мөлшері – 1,2-деңгей үшін – 2

TT үшін әр тәжірибелік қолданысқа үлгілердің минималды мөлшері – 1 + 2 мәліметтер файлы

Тәжірибелік емтиханда бір үлгіден көп мөлшерін бақылау қажет болған жағдайда, екінші немесе одан кейінгі үлгілер сипаты, бойынша ерекшеленуі қажет, мысалы, бұйымның пішіні, материалы, формасы, өлшемі және ақау түрі бойынша.

Үлгілердің мөлшерінен кейін секторларды белгілейтін әріптер көрсетілген жерлерде, осы секторлардың үлгілері тәжірибелік емтиханға енгізілуі қажет екенін білдіреді.

RT бойынша тәжірибелік емтиханда 1 және 2-деңгей үміткерлері екі аумақтан кем емес аумақты сәулемен түсіруге тиіс. Бұл 1-деңгейге біліктілік емтиханын тапсырған, 2-деңгей үміткерлеріне жатпайды, олар, кем дегенде, 1 аумақты сәулемен түсіруге тиіс.

Қысымды өзгерту және газ әдістерімен герметикалықты бақылауды сертификаттаған кезде, әр әдіс үшін, кем дегенде, бір үлгі бақылануы қажет.

Сектор бойынша емтиханда бұйымның бір типінен көп мөлшерді бақылау қажет етілген жағдайда, үлгілер барлық бұйымдарды қамтуы тиіс немесе емтихан алушымен секторға кіретін бұйымдардың немесе материалдардың диапазонынан жорамалдап таңдаулы тиіс.

Радиографиялық суреттер (12 немесе 24) бір үлгі ретінде қарастырылады.

Түсіндірме: c ≡ құйма; f ≡ сом темір; w ≡ дәнскерлеу; t ≡ құбарлар; c/f ≡ құйма және сом темір; pc ≡ радиографиялық сурет; dj ≡ деректер жинағы

С қосымшасы
(міндетті)

3-деңгей бойынша қайта сертификаттауға арналған балдык жүйе

Осы жүйе бойынша 3-деңгей маманы қайта сертификаттау алдында 5 жыл бойы С1-кестесінде көрсетілген бұзбайтын бақылау бойынша қызметтің түрлі салаларында балл жинайды. Біркелкі бөлінуді қамтамасыз ету үшін жыл сайын және кез келген қызмет атқарған кезде бес жыл ішінде алуға мүмкін болатын максималды балл саны белгіленген.

Қайта сертификаттау үшін келесіні растау қажет:

- сертификаттаудың қолданылуы кезінде 5 жыл ішінде минимум 70 балл;
- жылына ең көбі 25 балл жинау рұқсат етіледі.

Қайта сертификаттауға өтінішке қосымша маман С1-кестесінің талаптарын сақтаудың құжатталған дәлелдерін беруі қажет, атап айтқанда:

- 1-4-тармақтары бойынша бағдарлама мен қатысушылар тізімі;
- 5-тармақ бойынша орындалған зерттеулер мен әзірлеулердің қысқа сипаттамасы;
- 5-тармақ бойынша техникалық және ғылыми жарияланымдарға сілтемелер;
- 6-тармақ бойынша дайындықты растау;
- 7-тармақ бойынша әр сертификат үшін жыл ішіндегі жұмыс әрекетінің құжатталған дәлелі

С1 кестесі –3-деңгейге арналған қайта сертификаттау үшін балдық жүйе

Тармақ	Қызметі	Тармақ бойынша балл	Тармақ бойынша баллдың максималды саны	
			Жыл бойы	5 жыл бойы
1	Бұзбайтын бақылау бойынша ұйымдарға мүшелік, ББ бойынша және шектес ғылымдар мен технологиялар бойынша семинарларға, симпозиумдарға, конференцияларға және/немесе курстарға қатысу	1	3	8 ^a
2.1	Стандарттау бойынша халықаралық және ұлттық комитеттерге қатысу	1	3	8 ^a
2.2	Стандарттау бойынша комитеттерді басқару	1	3	8 ^{аб}
3.1	ББ бойынша комитеттердің сессияларына қатысу	1	3	8 ^a
3.2	ББ бойынша комитеттердің сессияларын басқару	1	3	8 ^{аб}
4.1	ББ жұмыс топтарының отырыстарына қатысу	1	5	15 ^a
4.2	ББ жұмыс топтарының отырыстарын басқару	1	5	15 ^{аб}
5.1	ББ бойынша техникалық/ғылыми қатысу немесе жарияланымдар	3	6	20 ^{вг}
5.2	ББ бойынша жарияланған зерттеу жұмыстары	3	6	15 ^{вг}
5.3	ББ бойынша зерттеу жұмыстары	3	6	15 ^{вг}
6	ББ бойынша техникалық нұсқаушы (2 сағат) және/немесе емтихан алушы (емтихан бойы)	1	10	30 ^г
7	Өндірістік қызмет			
7.1	Өндірісте, оқу орталығында немесе емтихан орталығында немесе ББ бойынша инжиниринг шеңберінде (Е қосымшасын қараңыз) (әр толық жыл үшін)	10	10	40 ^г
7.2	Тұтынушылардың арыздары бойынша комиссияға қатысу	1	5	15 ^г
7.3	ББ қолдануды әзірлеу	1	5	15 ^г
^a 1-4-тармақтар үшін баллдың максималды саны: 20 ^б Балл басқару үшін де, қатысу үшін де жиналады ^в Бір автордан көп болса, бас автор авторластардың арасында баллды бөлуге тиіс ^г Әр 5 және 6-тармақ үшін баллдың максималды саны: 30, ал 7-тармақ бойынша: 50				

D қосымшасы
(міндетті)

Тәжірибелік емтиханды бағалау.

D.1 1 және 2 деңгейдегі тәжірибелік емтиханды бағалау – бағалау жөніндегі нұсқаулық

Наименование: ТОО "NDT CERT" БИН: 191140026948
Выдан документ РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 23.02.2021 № счета на оплату: 4474

D.1-кесте – 1 және 2 деңгейлерге арналған тәжірибелік емтиханды пайыздық бағалау нұсқаулығы

Зат	1 деңгей	2 деңгей
1-бөлім: ББ аспапты білу		
а) Бақылау жүйесі және қызметтік тексерістер	10	5
б) Күйін тексеру	10	5
Барлығы	20	10
2-бөлім: ББ әдісін қолдану.		
а) Көзбен қарауды қосқандағы бақылауға арналған үлгіні дайындау (мысалы, беттің күйі).	5	2
б) 2 деңгейге арналған, ББ әдісін таңдау және жұмыс шарттарын анықтау.	-	7
в) ББ аспапты орнату.	15	5
г) Бақылауды жүргізу	10	5
д) Бақылаудан кейінгі процедура (мысалы, магнитсіздендіру, тазарту, сақтандыру)	5	1
Барлығы	35	20
3-бөлім: Алалықты анықтау және есеп дайындау^а		
а) Бақылау бойынша қорытындыда көрсетуге міндетті алалықты табу	20	15
б) Мінездеме (түрі, орналасқан жері, бағдары, өлшемі және т.б.)	15	15
в) Код, стандарт, ерекшелік немесе процедура белгілері бойынша 2 деңгейді бағалау.	-	15
г) Бақылау бойынша қорытындыны редакциялау.	10	10
Барлығы:	45	55
4-бөлім: ББ бойынша нұсқаулық жазу (2 деңгейге үміткерлерге арналған)^б		
а) Алғысөз (іс-әрекет аумағы, сілтеме құжаттар)		1
б) Қызметкерлер құрамы		1
в) Күйге келтіруді қосқандағы қолданылатын аспап.		3
г) Өнім (қызықтыратын орын мен бақылау мақсатын қосқандағы сипаттама немесе сызбалар).		2
д) Бақылауға дайындықты қосқандағы бақылау шарттары.		2
е) Бақылауды қолдану бойынша толық нұсқаулық.		3
ж) Бақылау нәтижелерінің жазбасы мен біліктілігі		2
з) Нәтижелер бойынша есептеме		1
Барлығы		15
Тәжірибелік емтихан бойынша жалпы бағалау	100%	100%
Емтиханды тапсыру үшін үміткер ББ бойынша нұсқаулықты құрастыру бойынша 70% кем емес баға, яғни мүмкін 15 баллдан 10,5 балл алуы тиіс.		
а) Паспортта көрсетілген шарттарда бақылауды өткізу барысында үміткермен қорытындыға енгізілуге міндетті емтихан үлгілерінің паспортында анықталған алалықтарды таба алмаған үміткер емтихан үлгісіне қатысты тәжірибелік емтиханның 3-бөлігінен 0 балл алады. RT үшін бұл шарттар суреттердің мағынасын ашуға қолданылады, яғни суреттегі бір міндетті қателікті жіберу 3-бөліктегі таспа жинағында нөлдік бағалауға алып келеді.		
б) 2 деңгейге үміткерден емтихан алушымен таңдап алынған үлгілерге арналған, 1 деңгей қызметкерлер құрамына арналған ББ бойынша нұсқаулықты құрастыру талап етіледі. Егер 2 деңгейге үміткер ББ бойынша нұсқаулықты қажет етпейтін үлгіні бақыласса, оны бағалау қалған 85 баллдан пайыздық қатынаста есептеледі.		

D.2 3-деңгейдегі тәжірибелік емтиханды бағалау

D.2 кестесі - 3-ші деңгейге үміткермен құрастырылған бұзбайтын бақылау бойынша әдіснаманың пайыздық бағалауы бойынша нұсқаулық

Зат	% максимум
1-бөлім: Жалпы ережелер	
а) Іс-әрекет аумағы (қолданылу саласы, өнім)	2
б) Құжаттарды бақылау	2
в) Нормативтік сілтемелер мен қосымша ақпарат	4
Аралық қорытынды:	8
2-бөлім: ББ қызметкерлер құрамы	2
3-бөлім: Материалдар мен қондырғы	
а) ББ негізгі қондырғы (бақылауды өткізгенге дейінгі пайдалану сенімділігін тексеру және калибрлеу күйін айқындау).	10
б) қосалқы қондырғы (стандартты және калибрлеу үлгілері, қажетті заттар, өлшем қондырғылары, қарау құралдары және т.б.)	10
Аралық қорытынды:	20
4-бөлім: Бақылау объектісі	
а) Физикалық күйі және бетті дайындау (температура, қол жетімділік, қорғаныш жабынын алып тастау, бұдырлық, және т.б.)	1
б) алғашқы мәліметтерді қосқандағы бақылауға түсетін аумақ немесе көлемнің сипаттамасы.	1
в) ізделіп отырған алалықтар	3
Аралық қорытынды:	5
5-бөлім: Сынақ жүргізу	
а) Қолданылатын ББ әдістері мен тәсілдері	10
б) аспапты күйіне келтіру	10
в) бақылауды өткізу (ББ нұсқаулыққа сілтемені қосқандағы)	10
д) алалықтың сипаттамасы	10
Аралық қорытынды:	40
6-бөлім: Қабылдау белгілері	7
7-бөлім: Бақылаудан кейінгі процедура	
а) Сәйкес келмейтін өнімді орналастыру (этикет қағаз жапсыру, бөлім)	2
б) Қорғаныш жабынының қалпына келуі (қажет болғанда)	1
Аралық қорытынды:	3
8-бөлім: Бақылау бойынша есепті жасау	5
9-бөлім: Жалпы көрсетілім	10
Барлығы	100

Наименование: ТОО "NDT CERT" БИН: 191140026948
 Выдан документ РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 23.02.2021 № счета на оплату: 4474

Е қосымшасы
(ақпараттық)

ББ бойынша инженерлік техникалық жұмыстар

Е1 Анықтама

ББ бойынша инженерлік техникалық жұмыстар ББ қатысты барлық қызмет түрлері, жобалаудан бастап жауапты дайындық, қолдану және ББ тексеруге (өндіріс және пайдалану кезінде) дейінгі Бұзбайтын бақылаудың барлық қызмет түрлерін қамтиды.

Е2 Қызмет түрлерінің толық емес тізімі

Қызметтің қамтылған түрлері мынадан тұрады:

- a) дайындау барысында, мүмкін болғанда пайдалану кезінде қондырғыны инспекциялау мүмкіндігін тексеру және / немесе назарға алу қажет талаптарды анықтау, жобалау кезеңі;
- b) өндіріске және / немесе пайдалануға енгізілетін ББ әдістерін таңдау;
- c) түрлі кодтар мен стандарттардағы ерекше ұйғарымдарды салыстыру;
- d) ББ әдіснамасын құрастыру немесе бекіту;
- e) ББ жабдығын техникалық бағалау;
- f) ББ әдістерін бағалау, әсіресе сараптама шеңберінде;
- g) сәйкессіздікті өңдеу (техникалық бағалау);
- h) тапсырыс берушіге және қажет болғанда сәйкес қауіпсіздік органдарына енгізілетін әдістерді дәлелдеу;
- i) Бұзбайтын бақылау бойынша қондырғыға жауапкершілік;
- j) үйлестіру және бұзбайтын бақылау бойынша қызметкерлер құрамның жұмысын қадағалау;
- k) сертификаттау – бұзбайтын бақылаудың әдістерін тексеру;
 - 1) бақылау мақсатын қосқандағы кіретін ақпаратты анықтау;
 - 2) ашық және жабық сынақтарға арналған қажетті пішіндерді анықтау;
 - 3) үлгі бұйымның тексерісін енгізу;
 - 4) үлгілеу қажет болғанда техникалық негіздемені дайындау;
 - 5) Бұзбайтын бақылау бойынша әдіснаманы дайындау немесе бекіту;
 - 6) біліктілік құжаттамасын дайындау немесе бекіту;
 - 7) өнеркәсіптік жабдықтарға арналған пайдалану бақылауының бағдарламасын бекіту немесе осындай бағдарламаларды орнатуға арналған ережелерді анықтау.

Библиография

[1] ISO/TS 22809:2007, Бұзбайтын бақылау.- Біліктілік емтихандарында қолдануға арналған үлгілердің алалығы

[2] ISO/TR 25107:2006, Бұзбайтын бақылау - Бұзбайтын бақылау. Бұзбайтын бақылау әдісін оқыту бағдарламасы бойынша жетекшілік

[3] ISO/TR 25108:2006, Бұзбайтын бақылау. Бұзбайтын бақылауды жүргізуге арналған қызметкерлер құрамын дайындау бойынша ұйымға арналған жетекшілік нұсқаулықтар

[4] EN 473:2008, Бұзбайтын бақылау – Бұзбайтын бақылау бойынша қызметкерлер құрамының біліктілігі мен сертификаттау – Жалпы қағидалар

[5] CEN/TR 14748:2005, Бұзбайтын бақылау – Бұзбайтын бақылау. Бұзбай сынаулардың біліктілік әдіснамасы

[6] CEN/TS 15053:2005, Бұзбайтын бақылау. Зерттеуге арналған сынақ үлгілерінің бір текті еместігінің түрлерін анықтау бойынша ұсыныстар

В.А қосымшасы
(ақпараттық)

Стандарттардың сілтемелік халықаралық, өңірлік стандарттарға, шет мемлекеттердің стандарттарына сәйкестігі туралы мәлімет

В.А.1 кестесі - Стандарттардың сілтемелік халықаралық, өңірлік стандарттарға, шет мемлекеттердің стандарттарына сәйкестігі туралы мәлімет

Халықаралық, өңірлік стандарттар, шет мемлекет стандарттарының белгіленуі мен атауы	Сәйкестік дәрежесі	Ұлттық стандарт, мемлекетаралық стандарттардың белгіленуі мен атауы
ISO/IEC 17024:2012 Conformity assessment – General requirements for bodies operating certification of persons (Сәйкестікті бағалау. Қызметкерлерді сертификаттау бойынша органға қойылатын талаптар)	IDT	ҚР СТ ISO/IEC 17024-2012 Сәйкестікті бағалау. Қызметкерлерді сертификаттау бойынша органға қойылатын талаптар

Наименование: ТОО "NDT CERT" БИН: 191140026948
Выдан документ РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 23.02.2021 № счета на оплату: 4474

ӘОЖ 620.179.141: 621.79

МСЖ 03.100.30; 19.100

Түйін сөздер: үміткер, бұзбайтын бақылау, сәйкестікті растау органы, қызметкер, дайындық, сертификаттау, сертификат, біліктілік деңгейі, емтихан



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОНТРОЛЬ НЕРАЗРУШАЮЩИЙ

Квалификация и сертификация персонала по неразрушающему контролю

СТ РК ISO 9712-2014

(ISO 9712:2012 Non-destructive testing - Qualification and certification of NDT personnel, IDT)

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии, ТК 76 «Неразрушающий контроль и техническая диагностика» на базе Объединения юридических лиц «Казахстанская ассоциация неразрушающего контроля и технической диагностики»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан № 180-од от 12 августа 2014г.

3 Настоящий проект стандарта является идентичным по отношению к международному стандарту ISO 9712:2012 «Non-destructive testing - Qualification and certification of NDT personnel» (ISO 9712:2012 «Контроль неразрушающий. Квалификация и сертификация персонала в области неразрушающего контроля») ICS 03.100.30; 19.100.

Международный стандарт ISO 9712:2012 подготовлен Техническим комитетом ISO/TC 135 Методы неразрушающего контроля, Подкомитетом SC 7 Квалификация персонала.

Перевод с английского языка (en).

Официальные экземпляры международного стандарта, на основе которого подготовлен настоящий национальный стандарт и на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов.

Сведения о соответствии национальных и межгосударственных стандартов ссылочным международным, региональным стандартам и стандартам иностранных государств в идентичном национальном стандарте приведены в приложении В.А.

Степень соответствия – идентичная (IDT)

4 В настоящем стандарте реализованы нормы Закона Республики Казахстан: «О техническом регулировании» от 9.11.2004 г. № 603-III

5 ВВЕДЕН ВЗАМЕН СТ РК ИСО 9712-2008 «Контроль неразрушающий. Квалификация и аттестация персонала».

**СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

2019 год
5 лет

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок - в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты».

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

Содержание

1 Область применения	1
2 Нормативные ссылки	2
3 Термины и определения	2
4 Обозначения методов и сокращения	5
5 Обязательства	4
6 Уровни квалификации	8
7 Требования к кандидату на сертификацию	10
8 Квалификационный экзамен	14
9 Сертификация	20
10 Продление срока действия сертификата	21
11 Повторная сертификация	22
12 Ведение архива	23
13 Переходный период	24
14 Переход с EN 473:2008, ISO 9712:2005 на настоящий стандарт	24
Приложение А <i>(обязательное)</i> Сектора	25
Приложение В <i>(обязательное)</i> Минимальное количество и тип образцов для практического экзамена на квалификационный Уровень 1 и Уровень 2	26
Приложение С <i>(обязательное)</i> Балльная система для повторной сертификации по Уровню 3	27
Приложение D <i>(обязательное)</i> Оценка практического экзамена	29
Приложение E <i>(информационное)</i> Инженерно-технические работы по НК	32
Библиография	33
Приложение В.А. (информационное) Сведения о соответствии стандартов ссылочным международным, региональным стандартам, стандартам иностранных государств	34

